



## «АТА-АНАМ – БАСТЫ БАҒБАНЫМ, АЙҚЫН БАҒДАРЫМ»

### БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# «ВАЙҚА, ПИРАМИДА!»



Цифрлық технологиялар дамыған сайын адам өмірін жеңілдетуге бағытталған құралдар түрі күн санап көбеюде. Электрондық қызметтер, интернет-банкинг, онлайн сауда – мұның бәрі заман талабына сай қажеттіліктерге айналды. Алайда, бұл үдерістермен қатар көлеңкелі құбылыстар да қатар дамып жатыр.

(Жалғасы 3-бетте)



Ақиқатын айтуымыз керек, ақпараттық хабарлар мен әлеуметтік желі арқылы ҚР Судьялар одағының төрағасы Досжан Әмірдің зейнеткерлік демалысына шыққаны туралы хабарды екіұдай сезіммен қабылдадық. Әрине, демалысқа шығудың қандай түрі болса да жаман емес. Оның үстіне, халқына қадірі жоғары, заңның тайпалған жорғасы, еңбекқор торысы дерлік абыройлы адамның осыншама жауапты қызметтерден соң, қажымай-талмай, жүйкесі желінбей, уақытылы демалысына шығуы дұрыс та сияқты.

Қалай болғанда да, заң мен сот саласына ұзақ жыл қызмет етудің өзі оңай жүк емес. Ал енді Досжан Сарманқұлұлы секілді заң саласының үнемі желдің өтінде тұрған, еңбек жолын қатардағы сот қызметкерінен бастап, үнемі ізденіс, биік талабымен қарыштап өскен, қалалық және облыстық соттың барлық сатысынан өткен, үш облыстық соттың төрағалығын атқарған, кейінгі жылдары Астанаға табан тіреп, Жоғарғы Сотта еселі еңбек еткен заңгер үшін маңызы еселене түсері сөзсіз. Мұндай тұғыры биік, зор талапшыл заңгердің үнемі қайралған қылыштай бабында болуы, алдаспандай алымды, құрыштай қайратты, жігерлі қалпынан айнымауы оңай бола бермес.

(Жалғасы 5-бетте)

### САРАП

## ЖАСТАРДЫ РАДИКАЛИЗМНЕН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

Әлемнің қандай елі болсын, экстремизм мен терроризм қаупінен сақтандырылмаған. Замана дерті тұтас әлем жұртшылығын, соның ішінде Қазақстан қоғамын да алаңдатқан аса өзекті мәселелердің біріне айналған. Діннің атын жамылып, әлемде бейбітшілікке қауіп төндіріп тұрған терроризм – құқық қорғау, құзырлы мемлекеттік органдар мен ұлттық қауіпсіздік қызметіне дейін тізе қосып әрекет ететін маңызды әрі жауапты міндет.

Бұл тек мемлекеттің қауіпсіздігіне ғана емес, сонымен қатар, әрбір отбасының амандығына, балаларымыздың болашағына тікелей қатер төндіріп отырғаны рас. Сондықтан, терроризмнің табиғатын түсініп, оның алдын алу жолдарын нақтылаудың маңызы зор...

Экстремизмге нақты анықтама берсек, бұл – қоғамдық тәртіп пен тыныштыққа қарсы бағытталған, радикалды көзқарастар мен зор-

лық-зомбылықты насихаттайтын идеология. Экстремистер өз мақсаттарына жету үшін күш қолданудан да тайынбайды. Кейінгі кездері әлем елдерінде дәстүрлі діндердің де атын жамылып, бейбіт күннің берекесін қашырған, қоғамда алауыздық тудырған діни экстремистік топтардың қылмыстық әрекеттері жиілеп кетті. Ал экстремизм ұғымымен қатар жүретін терроризм қоғамда одан да зор қауіп төндіретін аса үлкен әрі қауіп жоғары түйт-

кілдің біріне айналғанын жалпы қоғам жұртшылығы сезіне бастаған. Қорқыту, үрей туғызу арқылы саяси немесе басқа да мақсаттарға қол жеткізуді көздейтін зорлық-зомбылық әрекеттер тұтас елдің тәуелсіздігіне де қатер төндіретінін атап өтпеске болмайды. Террористік шабуылдар, әдетте, бейбіт тұрғындарға қарсы бағытталып, қоғамда тұрақсыздық пен үрей бұлтын туғызады.

### Мәселенің тамыры тереңде

Бүгінгі таңда экстремизм мен терроризмнің тамыры тереңге кетіп, қоғамның қорқынышы мен алаңдаушылығын туғызуда. Олардың

пайда болуына көптеген фактор әсер етіп отыр. Мәселен, елдегі саяси тұрақсыздық, әлеуметтік әділетсіздік, жұмыссыздық, кедейлік, жастардың маргиналдануы, діннің бұрмалануы және жастардың діни сауатсыздығы – ел ішінде іріткі тудыруға алғышарт жасайтын аса өзекті мәселе. Бүгінде «діни экстремизм» термині жиі айтылып жүр. Дінді желеу етіп, шынайы дінге еш қатысы жоқ, адамгершілікке жат әрекеттер жасалып жатқанын күнделікті өмірден көріп отырмыз. Мұны сала мамандары да мойындайды.

– Әсіресе, оң мен солын танып үлгермеген, қоғамның ең осал әрі тез иланғыш әлеуметтік тобына жататын жастар арқылы жымысқы әрекеттерін таратушылар көп. Өкінішке қарай, жастар көбіне деструктивті діни ағымдардың арбауына тез ілігіп кетеді. Бұған интернет пен әлеуметтік желілердің де ықпалы аса зор. Түрлі жалған ағыздар, агрессияға жетелейтін контенттер TikTok, Telegram, VK сияқты платформалар арқылы жылдам тарап жатқаны жасырын емес.

(Жалғасы 2-бетте)

**3-бет**

**«Цифрлық консультант»  
іске қосылды**

**6-бет**

**Оралдық мүсінші Лондонда  
қазақ туын желбіретті**

**8-бет**

**Комбесі  
көп жылдар**

САРАП

# ЖАСТАРДЫ РАДИКАЛИЗМНЕН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жастардың таным көкжиегі, діни білімінің таяздығы оларды экстремизм жолына жетелейтін басты себептердің біріне айналып отыр, – дейді Ақмола облысы Дін істері басқармасының «Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту» орталығының басшысы Нүркен Тілеубаев.

## Дерек пен дәйек

Көп жағдайда терроризммен байланысты оқиғалар бізден алыс, болуы мүмкін емес деп ойлайтын халықтың қарасы көп болатыны сөзсіз. Дегенмен, соңғы жылдарда елімізде діни экстремизм мен терроризмге қатысты фактілердің бой көрсетуі сақтандыру шараларын бір сәт те естен шығармау керектігін ұқтырады.

Мәселен, Түркістан облысында 17 жастағы жасөспірім терроризмді насихаттағаны үшін 4 жылға бас бостандығынан айырылған. Ол әлеуметтік желіде экстремистік идеяларды таратып, тыйым салынған ұйымның материалдарын достары арасында таратқан.

Өкінішке қарай, Ақмола облысында да діни бағыттағы радикалды топтардың қасақана әрекеттері бұрнағы жылдармен салыстырғанда жиілей бастаған. Оның бірі, тіпті, мектептегі білім беру мекемесінде орын алғаны қоғамдық резонанс тудырды. Сандықтау ауданында 33 жастағы мектеп мұғалімі ғаламтор арқылы радикалды бағыттағы сайттарға кіріп, Сириядағы лаңкестік ұйымдардың үгіт-насихатына ілескен. Кейін әлеуметтік желілер арқылы өз парақшасында экстремистік бейнероликтер мен жазбалар жариялап, таратқаны үшін «терроризмді насихаттау» бабы бойынша 6 жылға сотталды. Бұл фактілер жастардың интернет кеңістігінде қаншалықты осал екенін, ата-аналар мен құқық қорғау органдарының, сонымен қатар, жалпы қоғам қырағылығының қажет екенін көрсетеді.

## Ата-аналар мен қоғам не істеуі керек?

Мамандар мұндай қауіптің алдын алу үшін бірінші кезекте әрбір ата-ана мен білім беру мекемелерінің балалар тәрбиесіне аса зор мән беру қажеттігін ескертеді.

– Балаларымызды бұл қауіптен сақтау –

ата-ана мен қоғамның ортақ міндеті. Қауіпке тек сырттай бақылаушы болмай, оны түп-тамырымен жоюға бағытталған нақты әрекеттерге көшу қажет. Ол үшін келесі кеңестерді назарда ұстаған жөн. Балаларыңызбен сенімді, ашық қарым-қатынас орнатып, олармен жиі сөйлесіп, достары, қызығушылықтары, уайымдары туралы біліп жүрген жөн. Интернеттегі әрекеттерін де бақылап тұрған дұрыс. Қандай сайттарға кіріп жүргенін, қандай видеолар көріп, кіммен сөйлесіп жүргені де назарда болуы тиіс. Баланы жастайынан медиа және діни сауаттылыққа баулу қажет. Жалған ақпарат пен шынайы мәліметтің ара-жігін ажыратуды үйрету – кейінге қалдыруға болмайтын маңызды мәселе. Балаларға өздерінің жеке деректерін бөтендерге бермеу қажеттігін де ерте бастан түсіндіру керек. Сондай-ақ, күмәнді топтар мен сайттарға кірмеу, бейтаныс адамдардың ұсыныстарынан сақ болу қажеттігін ұқтыру қажет. Ең дұрысы, компьютер мен гаджеттерге ата-аналық бақылау орнатқан жөн, – деп толықтырды Нүркен Найзабекұлы.

## Тәрбиенің ролі және рухани құндылықтар

Бұл «Тәрбие басы – тал бесік» деген дана сөздің күні бүгінге дейін өз құндылығын жоймайтынын айғақтаса керек. Өйткені бүгінгі бала – ертеңгі елдің иесі. Сондықтан, олардың бойына бала кезден мейірімділік, төзімділік, өзара сыйластық, әртүрлі діндер мен ұлттарға құрметпен қарау сынды адамгершілік құндылықтарды сіңірудің маңыздылығы аса жоғары. Бұл тек мектептің ғана емес, отбасындағы тәрбиенің де үлкен бөлігі екені даусыз. Балалардың радикалды ағымдардың ықпалына түсуінің алдын алу үшін, ең алдымен, олармен үнемі байланыста болу қажет. Олар үшін біз – бағыт сілтейтін шамшырақпыз. Ал шамшырақ сөніп қалса, олар қараңғылықта жол таппай адасатыны анық.

**P.S.** Бүгінде экстремизм мен терроризм жаһандық сипат алған, бірақ әр отбасының табалдырығына дейін жетуі мүмкін аса зор қауіпке айналды. Алайда бұл дертпен күрес тек құқық қорғау органдарының емес, әрбір ата-ананың, білім беру мекемелері мен діни орындардың, мемлекеттік мекемелер мен БАҚ-тың, жалпы барша қоғамның ортақ міндеті екенін естен шығармасақ екен. Тек жұмыла әрекет еткенде ғана жастарымызды, яғни, ел ертеңін аса зор қауіптен сақтап қалмақпыз.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ



АЙМАҚ

## КӨГІЛДІР ОТЫН АУЫЛДАРҒА ЖЕТТІ

Жамбыл облысының Т.Рысқұлов ауданында халықтың 99,5 пайызы газбен қамтылған. Таза ауыз сумен қамтамасыз ету деңгейі 96,1 пайызға жетсе, жолдардың жағдайы да түзеліп, көшелерді жарықтандыру мәселесі де оң шешіліп келеді.

«Елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз етуге биыл 622 млн теңге қарастырылған. Жалпы, бұл бағытта ауданымызда жүзеге асырылып жатқан 5 жобаға бөлінген қаржының көлемі 3,1 млрд теңгені құрайды. Осы қаржыны ұтымды пайдалана отырып, Құлан ауылындағы «Арай» алабында су құбыры желілері мен су тарту құрылыстарын салу, Р.Сабденов ауылындағы су шығару ғимараты және су құбыры желілерін тарту, Сөгеті ауылында су қабылдағыш және су құбыры желілерін жолға қою жоспарланып отыр. Сонымен бірге, Шөңгер, Мамай ауылында да су құбыры желілерінің құрылысы қолға алынды», – дейді Жамбыл облысы Т.Рысқұлов

ауданының әкімі Ернар Есіркепов. Т.Рысқұлов ауданында автожолдардың да талапқа сай болуы басты назарда. Биыл бірқатар маңызды жолдарды жөндеуге қомақты қаржы қарастырылған. Ернар Серікәліұлының сөзіне қарағанда, ауданда шешімін табуы қажет ететін өзекті мәселелер аз емес. Қазір бұл жағдайлар бойынша тиісті мемлекеттік органдармен нақты жұмыстар атқарылуда. Мәселен, Луговой ауылындағы тұрғын үй алқабының ауыз су, газ тарту, Арай, Панфилов тұрғын үй алқаптарының кәріз жүйелерін тарту; 5 елді мекенге ИЖС инфрақұрылым тарту бойынша жұмыстар үйлестіріліп

жатыр. Бұдан бөлек білім саласы бойынша 10 мектептің спорт залы, 5 бастауыш мектепте асхана жоқ. 18 мектеп, 3 балабақша, 1 жасөспірімдер орталығы күрделі жөндеу жүргізуді қажет етеді. 7 мектептің қазандықтары газға ауыстырылуы керек. Денсаулық сақтау саласы бойынша аудандық ауруханаға күрделі жөндеу жұмыстары және Құлан, Көгершін ауылдарында амбулаториялық пункттер салынуы керек. Аудан әкімдері көпшілік сұранысына орай бұл әлеуметтік нысандарды жөндеп, ел игілігіне жарату үшін ауқымды іс-шараларды қолға алуда.

Е.КЕБЕКБАЙ,  
«Заң газеті»

ПӘРМЕН

Жаһандану және технологиялардың қарқынды дамуы сын-қатерге толы. «Әділетті Қазақстан – адал азамат» тұжырымы бұл өткелдерден лайықты түрде өтіп, биік жетістіктерге жетудің сара жолы. Өйткені, әділдік – дамудың мүмкіндігі. Бұл заң алдындағы теңдікті, адамның құқығы мен бостандығының құрметтелуін және қоғамның барлық мүшелері үшін тең жағдайдың болуын қажет етеді.

## ЖҰМЫСКЕРЛЕР ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ



Азаматтар мәселелерін тиімді шешуге және қоғамдық пікірді ескеруге бағытталған қағидаттың бастысы – «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы. Бұл заңдарды қатаң сақтау арқылы әділеттілікті орнату әдістерін анықтайды. Осы қағидат аясында қолға алынған шаралардың бірі жұмыскерлер құқығын қорғауға бағытталған. Жыл басынан бері мемлекеттік еңбек инспекторлары 23 мыңнан астам жұмыскердің құқығын қорғады.

2025 жылғы 1 шілдеде-

гі жағдай бойынша, мемлекеттік еңбек инспекторлары республиканың 92 кәсіпорынның 2,1 мыңнан астам жұмыскеріне жалақы бойынша 882 млн теңге берешек екенін анықтады. Сонымен бірге түрлі ұйымдарда жүргізілген тексерулер барысында еңбек құқығы бұзылуының 3,6 мыңға жуық фактісі белгілі болды.

Жалақы бойынша берешек және еңбек құқығының бұзылуы анықталған кәсіпорындар басшыларына орындауға міндетті 1 951 ұйғарым берілді және 233 млн тең-

геден астам сомаға айыппұл салынды. Қабылданған шаралардың, оның ішінде жалақы бойынша берешекті өтеудің қатаң кестелері мен мерзімдерін белгілеудің нәтижесінде 2 мыңнан астам жұмыскердің құқықтары қорғалды. Оларға 755,4 млн теңге төленді.

Жалпы еңбек заңнама-сының сақталуы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің ерекше бақылауында. 2025 жылғы 1 шілдедегі деректер бойынша, мемлекеттік еңбек инспекторлары 2 941 тексеру жүргізді, оның барысында 3 608 бұзушылық анықталды. Соның ішінде: еңбек саласында – 2 973, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша – 616, халықты жұмыспен қамту бойынша – 19. Қабылданған шаралардың нәтижесінде 21 мың жұмыскердің шағымы оң шешімін тапты.

Бұл, әрине, қоғамдағы адалдық пен заңдылық қағидатының үстемдігіне сенімді арттыратын үрдіс. Осындай әрбір шара азаматтардың мемлекеттік саясатқа деген сенімін арттырып, ел мүддесі үшін еңбек етуге ұмтылдыратыны сөзсіз. Әділетті Қазақстанның тұғыры азаматтар құқығының әділ қорғалуымен биіктеп, беки түседі.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»

БАСТАМА

## «ҚАУІПСІЗ ЕЛ» ЖОБАСЫНЫҢ МІНДЕТІ АУҚЫМДЫ

Қазақстанда азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – тек полиция мен ТЖМ-нің емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі. Соңғы жылдары елімізде тұрғындардың тыныштығы мен құқықтарының қорғалуына қатысты талап күшейді. Осыған жауап ретінде жүзеге асып жатқан «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасы – еліміздің болашағы үшін маңызды қадамның бірі.



Бұл жоба қылмыс деңгейін азайту, төтенше жағдайларға дайындықты күшейту, интернеттегі алаяқтықпен күресу, полиция қызметін жақсарту және халықтың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруды көздейді. Бірақ, бұл тек ресми сөз емес – бұл жоба әрбір азаматтың өміріне тікелей әсер ететін нақты шараларды қамтиды.

Осы тұста Қорғаныс министрлігі жоба аясында Қарулы Күштерді, ішкі істер органдарын, сонымен қатар, мемлекеттік азаматтық қорғау жүйесін дамытудың бірнеше бағыты барын мәлімдеді. Бұдан бөлек, шекарамызды шегендеп тұрған әскери қызметкерлердің жұмыс істеу жағдайлары да қамтылған. Олардың ішінде әскери қызметкерлер пайдаланатын қару-жарақ пен техниканың кей түрін өз елімізде өндіру міндеті де тұр. Одан кейін қолда бар оқ-дәріні қауіпсіз жерде сақтау да аса маңызды. Өйткені одан төнер қауіп тым үлкен. Сол себепті аталмыш жоба оқ-дәрі сақтайтын қоймаларды тұрғызу жұмыстарын да қамтиды.

Дамыған заманның көшіне ілесу үшін әскери саланы цифрландыру жұмысы да «Қауіпсіз ел» жобасы аясында іске асырылмақ. Соңғы жылдары табиғат тосын мінезін көрсетіп, түрлі апаттар болуда. Жоғарыда атап өткен ұлттық жоба техногендік апат пен төтенше жағдай орын алған кезде халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын пысықтауға да серпін береді. Қандай апат болмасын, оған сақадай сай болу, дер

кезінде тоқтата білу маңызды. Ұлттық жобадан апаттық құтқару жұмыстарын пысықтау үшін маңызды іс-шаралар ұйымдастыру да қарастырылған. Бұдан бөлек «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасы шекара қызметіндегілерге ерекше көңіл бөледі. Нақтылап айтар болсақ, жоба аясында шекара қызметінде әскери қызметкерлері үшін жаңа нысандар салу көзделген.

«Қауіпсіз ел» жобасының негізгі мақсаты – қылмысты азайту, азаматтар үшін қауіпсіз жағдай жасау, құқық қорғау қызметінің тиімділігін арттыру. Жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру, жол инфрақұрылымын жақсарту, жүргізушілерді оқыту жүйесін жетілдіру, жол қозғалысы қауіпсіздігін жақсарту үшін жаңа технологияларды енгізу де негізгі басымдық қатарында. Киберқауіптерден қорғау, экстремизм мен терроризмнің алдын алу да – бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі.

«Қауіпсіз ел» – бұл жай ғана шаралар кешені емес, заңнама мен құқық қорғау қызметін жетілдіруге бағытталған ұлттық жоба. Бұл елде қауіпсіз және тұрақты ортаны құру үшін мемлекет пен азаматтардың тұрақты күш-жігерін талап ететін үздіксіз процесс. Жоба жалпыұлттық басымдықтарға және мемлекетті алға жылжыту мақсатында құрылған стратегиялық көрсеткіштерге негізделген.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
«Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ОҢ ҚАДАМ

# «ВАІҚА, ПИРАМИДА!»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Соның ішінде кибералаяқтық пен қаржы пирамидалары соңғы жылдары ел ішінде ең жиі тіркелетін құқықбұзушылықтың бірі болып отыр. Мемлекеттік органдардың мәліметіне сүйенсек, тек бір жылдың ішінде елімізде 4 мыңнан астам кибералаяқтық фактісі тіркелген. Бұл – ресми дерек. Ал нақты көрсеткіш бұдан әлдеқайда жоғары болуы мүмкін. Себебі, көптеген азаматтар алаяқтардың арбауына түсіп қалғанын құқық қорғау органдарына мүлде хабарламайды.

Кибералаяқтар бүгінде телефон қоңырауымен, мессенджер арқылы, жалған сайттар немесе әлеуметтік желі парақшалары арқылы әрекет етеді. Олар көбіне банк қызметкері ретінде хабарлап, клиенттің жеке деректерін сұрау арқылы ақша жымқыру схемаларын қолданады. Сонымен қатар, танымал маркетплейстердің атын жамылып, сату-сатып алу кезінде алдын ала төлемді сұрайтын жағдайлар да жиі кездесіп отыр. Мұндай қылмыстар көбіне азаматтың банктік шотына немесе электрондық қолтаңбасына заңсыз қол жеткізумен байланысты. Қауіпсіздік шаралары жетілдіріліп жатқанына қарамастан, алаяқтық үнемі жаңа жол тауып, технологияны өз мақсаттарына бейімдейді. Бұл – күрестің неге ұзаққа созылып жатқанының бір себебі.

Қаржы пирамидалары – кең таралған әрі қауіпті құбылыстың бірі. Оның басты ерекшелігі – аз уақытта көп пайда табуға уәде беру. Мұндай ұйымдар жоғары табысқа қызыққан азаматтарды түрлі схема арқылы алдап, өз қаражатын салып, айнала-сындағы адамдарды да тартуға мәжбүрлейді. Сөйтіп, бастапқы кезеңде табыс алғандай болып көрінгенімен, көп ұзамай қаржы айналымы тоқтап, қаражат салған азаматтар өз ақшасынан қағылады. Қаржы мониторингі агенттігінің дерегіне сүйенсек, тек соңғы бір жарым жыл ішінде мыңдаған адам қаржы пирамидаларының құрбаны болған. Жалпы шығын ондаған миллиард теңгені құрайды. Әсіресе, әлеуметтік желілер арқылы жылдам тарайтын осындай ұйымдар халықтың сеніміне тез кіріп, жастарды да, зейнеткерлерді де арбауына түсіреді.

Қаржы мониторингі агенттігінің мәліметі бойынша, 2024 жылы елімізде 42 қаржы пирамидасының қызметі тоқтатылған. Бұл ұйымдардың барлығы заңсыз түрде халықтан қаражат жинап, жалған уәде арқылы салымшыларды алдаған. Тергеу барысында бұл пирамидалар арқылы азаматтарға келтірілген залал көлемі 20 млрд теңгеден асқаны анықталды. Бұл қаражаттың шамамен 13 млрд мемлекеттің араласуымен қайтарылған.

2025 жылдың алғашқы алты айында да мұндай заңсыз ұйымдардың қызметі жалғасқан. Алматы қаласында анықталған «JILI BOLAYIK» атты қаржы пирамидасы 500-ден астам азаматты алдап, 50 млн теңге көлемінде қаражат жинағаны белгілі болды. Сонымен қатар, Ақмола облысында «Buyers Union» ұйымы 250 салымшыдан 300 млн теңге жинап, өз қызметін пирамида түрінде жүзеге асырғаны үшін тоқтатылды. Аталған істер бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылған тұлғалар сотқа берілді.

Алаяқтардың ықпал ету тетігі – жарнама. Әлеуметтік желілерде, YouTube платформасында, мессенджерлік топтарда жалған уәделерге толы видеолар мен посттар тарайды. Қаржылық сауаттылығы төмен азаматтар бұл хабарламаларға сеніп, бар ақшасын немесе тіпті, несие алып, күмәнді жүйелерге салады. Кейбіреуі басқа адамдарды да тартқаны үшін сыйақы алып, өз еркімен пирамиданы тарату құралына айналады. Бұл құбылысқа заңмен тыйым салынғанымен, интернет кеңістігін толық бақылау мүмкін болмай отыр.

## Неліктен алаяқтық тыйылмай тұр?

Біріншіден, қылмыскерлердің әдістері жылдам өзгеріп отырады. Қауіпсіздік жүйелері бір бағытты жауып үлгергенше, олар жаңа жол табады.

Екіншіден, азаматтардың ақпараттық және қаржылық сауаттылығы әлі де төмен деңгейде. Алаяқтықтың белгісін ажырата алмайтын адамдар интернеттегі әр ұсынысты шынайы деп қабылдайды.

Үшіншіден, көп жағдайда азаматтар өз құқықтарын білмейді. Қаржы пирамидасына қатысқаны үшін де жауапкершілік бар екенін немесе алаяққа жеке деректерін берудің салдары қандай болатынын түсінбейтіндер аз емес.

2024 жылдан бастап Қаржы мониторингі агенттігі «Ваіқа, пирамида!» Telegram-ботын іске қосты. Бұл қызмет азаматтарға күмәнді компаниялар мен схемаларды тексеруге мүмкіндік береді. Пайдаланушылар ботқа ұйымның атауын енгізу арқылы ол туралы ресми дереккөздерден алынған ақпаратты ала алады. 2025 жылдың маусым айына дейін бұл бот арқылы 100 мыңнан астам сұраныс өңделіп, 30-дан астам пирамида белгісі бар ұйым анықталған. Сондай-ақ, мемлекеттік органдар тарапынан әлеуметтік желілер мен мессенджерлердегі алаяқтық сипатындағы жарнамаларға қарсы автоматты талдау жүйесі іске қосылды. Бұл жүйе күдікті парақшаларды, чаттар мен арналарды анықтап, оларды бұғаттау немесе тергеуге беру үшін тиісті органдарға жіберіп отырады.

2025 жылдың маусымына дейін осындай әдістермен бір мыңнан астам Telegram және Instagram парақшасы жабылып, 86 мыңнан астам азаматтың жеке деректері мен қаражаттары қауіпсіздендірілді.

## Қоғам не істеуі керек?

Азаматтық қоғам мен БАҚ тарапынан ақпараттық-түсіндіру жұмыстары күшеюі тиіс. Әсіресе, жастар арасында цифрлық қауіпсіздік, онлайн қаржылық мәдениет, фейк жарнама мен инвестициялық тәуекелдер туралы ашық әрі түсінікті түсіндіру жүргізілуі қажет. Сондай-ақ мектептер мен университеттерде қаржылық сауаттылық бойынша тұрақты сабақтар енгізу – уақыт талабы. Қарапайым халық әр ұсынысқа күмәнмен қарап, ешқашан бейтаныс адамдарға өз жеке деректерін немесе банк деректемелерін бермеуі тиіс. Жоғары пайдаға уәде беретін схемалардан бас тарту қажет. Себебі, оңай табыс – әрқашан үлкен қауіп.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
«Заң газеті»

FinAcademy-ны құруға белгілі салық сарапшысы Дмитрий Казанцев бастамашы болды. Бұл идеяны қазақстандық бизнес өкілдері белсенді түрде қолдады және олар жобаны жастарды оқытуға гранттар беру арқылы қаржыландырмақ. Оқу бағдарламасы бір жылға есептелген. Оқуды аяқтағаннан кейін студенттер дәстүрлі түрде емтихан тапсырып, диплом алады.



# ЖАСТАР ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ТЕГІН ОҚУҒА МҮМКІНДІК АЛДЫ

«Әріптестеріме жастарды қаржылық сауаттылыққа оқыту тегін болатынын айтқанымда, олар мені қолдады. Біз бір бағытта қарап, қазақстандықтардың жаңа ұрпағын тәрбиелеудегі миссиямызды көріп отырғанымызға қуаныштымын. Олар жақын арада шешім қабылдап, жауапкершілікті өз мойнына алуы керек. Өйткені, қаржы мәселесі барлығын толғандыратын маңызды мәселе екенін түсінеді», – дейді Дмитрий Казанцев.

Оның айтуынша, Алматыда еліміздің қаржы секторы, банк өкілдері, белгілі кәсіпкерлер бас қосқан жиында халық арасында қаржылық сауаттылықты тиімді дамыту мәселесі талқыланды. Жиында халықтың қаржылық сауаттылығы елдегі макроэкономикалық жағдайға қалай әсер етеді; адамдар негізді шешім қабылдауға қалай үйренуге болады деген сияқты әртүрлі өзекті тақырыптар сөз болды.

16 мен 23 жас аралығындағы жастарға арналған тегін қаржылық сауаттылық академиясының оқыту бағдарламасы оқу жылы принципіне негізделген. Оның ұзақтығы – 9 ай. Ол 7 оқу үлгісі, үй тапсырмасы және қорытынды емтиханнан тұрады. Оқу бағдарламасы қаржылық сауаттылық, бизнес,

кәсіпкерлік негіздері, салық жүйесін, инвестицияларды, бюджетті және т.б. зерделеу ақша тапқысы келетін, жинағысы және ұлғайтқысы келетін заманауи адам түсінуі керек нәрселердің барлығын қамтиды. Онда нәтижеге көңіл бөлінеді. Студент үй тапсырмасын 3 рет орындамаса, оқудан шығарылады. Ал үздік студенттер білім алуға немесе кәсіп ашуға арналған гранттарға ие болады.

Дмитрий Казанцевтің сөзіне қарағанда, 23 жастан асқан жастардың да FinAcademy-да оқуға мүмкіндігі бар. Олар үшін де квота қарастырылған, бірақ олар өз кезегін күтуі керек. Қазірдің өзінде квотамен білімін жетілдіруге ынталы адамдар көп. Білімге тең қолжетімділік үшін академияда оқыту онлайн режимінде жүргізіледі. Бұл ретте студенттерге қосымша құрал-жабдық, ноутбук немесе басқа да заттарды сатып алудың қажеті жоқ. Смартфон мен ондағы Telegram қосымшасы жеткілікті. Яғни, бәрі ыңғайлы және өте қарапайым. Бірінші топ дәстүрлі түрде 1 күркіекте сабақты бастайды, келесі топқа жазылу тура екі айдан кейін ашылады.

Е.КЕБЕКБАЙ,  
«Заң газеті»

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ

# ЖАҢА СЕРВИС ШАҒЫМДАР САНЫН ҚЫСҚАРТТЫ

Заң мен тәртіп – Әділетті Қазақстанның берік негізі. Бұл екеуі – қай саланы болмасын ала жылжытып, дамытатын негізгі фактор. Ал олардың қоғамда берік орнығып, өмір салтына айналуын қамтамасыз етуде цифрлық технологияның алар орны зор.

Бұл – заманауи жүйе қызметтерді қолжетімді етіп қоймай, олардың ашықтығын, талапқа сай жүзеге асуын қадағалаудың да зор мүмкіндігі. Сондықтан, бүгінде елімізді цифрландыру ісі үлкен қарқынмен жүзеге асуда. Әсіресе, әділет органдарына жаңа технология кеңінен енгізіліп жатыр. Бұған Премьер-Министр Олжас Бектеновтің Президенттің тапсырмасын орындау аясында әділет органдарын цифрландыру мәселелері бойынша өткізген жиыны барысында тағы да көз жеткіздік.

Онда құқықтық жүйенің негізгі бағыттарына цифрлық шешімдерді енгізу қарқынын пысықтау, атқарушылық іс жүргізудің ашықтығы мен тиімділігін арттыру, сот-сараптама қызметін жаңғырту және халықтың құқықтық көмекке қолжетімділігін кеңейту барысы қаралды. Үкімет басшысы цифрландыру мен жасанды интеллект элементтерін енгізу барлық саланың даму тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқаратынын атап өте келе, Мемлекет басшысы күні кеше іске қосқан суперкомпьютер еліміздегі цифрлық дамудың жаңа парағын ашқанына назар аударды. Бектенов мырзаның айтуынша, бұл – Орталық Азиядағы алғашқы суперкомпьютерлік кластер, сондай-ақ аймақтағы ең қуатты есептеу шығару құрылғысы. Оның мүмкіндіктері мемлекеттік органдар, ғылыми институттар, жоғары оқу орындары мен бизнес үшін қолжетімді болмақ. Сондықтан барлық ведомстволар осы бағыттағы жұмысты жандандыруы тиіс.

Жиында сөз алған Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев саланың цифрлық трансформациясы және жаңа сервистерді енгізу тұрғысында біраз жаңалықты ортаға салды. Министрдің ай-

туынша, «Е-нотариат» жүйесінде 2025 жылдың 1 сәуірінен бастап «Тараптардың жеке кабинеті» пайда болды. Функция борышкерге атқарушы жазбаға онлайн режимде келісім немесе қарсылық білдіруге мүмкіндік береді. Биометриялық сәйкестендіру және аумақтылық мақталуын бақылау қамтамасыз етіледі. Осы сервисті енгізудің арқасында 450 мыңнан астам азамат хабарлама алды, оның ішінде 43 мыңнан астамы қарсылық білдіру мүмкіндігін пайдаланды. Нәтижесінде осы бағыт бойынша шағымдар саны 20%-ға қысқарды.

Атқарушылық іс жүргізу саласына енгізілген «Цифрлық ассистент» көмекшісінің қызметі ғажап екен. Жүйе қаулыларды бақылауға және қарызды онлайн төлеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар жеке сот орындаушылары (ЖСО) үшін орындау мерзімі туралы еске салу функциясы мен ЖСО-лар арасында атқарушылық құжаттарды автоматты түрде бөлу тетігі де іске қосылған. Министрдің айтуынша, бұл заңсыз уағдаластықтар мүмкіндігін болдырмайды және әкімшілік жүктемені азайтады.

«Е-Сараптама» жүйесінде тірі адамдарды куәландыру бойынша пилоттық модуль іске қосылыпты. Мұндай цифрлық шешім ұйғарым беруді және тексеру шаблондарын пайдалануды автоматтандыру есебінен сот сараптамаларының сапасын арттыруға бағытталған. Сонымен қатар бұл модульдің адами факторды азайту және ашықтықты арттыру мақсатында жасанды интеллект функцияларын пайдаланатын жаңа нұсқасы әзірленуде.

А.ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЫ

# «ЦИФРЛЫҚ КОНСУЛЬТАНТ» ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Әр саладағы жаңа бастамалардың қолға алынуына азаматтар пікірі мен көпшіліктің қалауы түрткі болатыны белгілі. «Халық үніне құлақ асатын Үкіметтің» басты қағидасы да осыған негізделген.

Айталық, халыққа құқықтық көмек көрсету шеңберінде осы жылдың мамыр айынан бастап тәжірибеге енгізілген

«Цифрлық консультант» та – сол азаматтар үнінің шындыққа айналуының бір көрінісі. «Әділет» және «Е-Заң көмегі» жүйелеріне енгізілген сервис азаматтарға типтік үлгідегі құқықтық сұрақтар бойынша автоматты түрде ақыл-кеңес береді, осылайша мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне түсетін жүктемені азайтып, азаматтарды да әуре-сарсаңнан құтқарады.

Сондай-ақ құқықтық нормалар шығармашылығы саласында да цифрлық шешімдер әзірленіп жатыр. Әділет министрлігі авторлық құқықтарды ұжымдық негізде басқару үшін зияткерлік меншік бойынша Бірыңғай цифрлық платформа құру туралы заң жобасына бастамашылық жасады. Сервис жоспар бойынша келер жылы іске қосылмақ.

Әділет органдарының еліміздің құқықтық жүйесіндегі рөлі маңызды. Әсіресе, құқықтық рәсімдердің ашықтығын, қолжетімділігі мен жеделдігін арттыратын заманауи құралдар тиімді құқық қол-



дану практикасын жүзеге асыруға мүмкіндік беріп отыр. Бұл салада цифрлық шешімдерді енгізу Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы аясында жүзеге асуда. Мемлекет басшысы барлық салаларды цифрландырудың тұтас жүйесін құру қажеттігін атап өткені мәлім. Соған орай Үкімет мемлекеттік органдарда жасанды интеллект технологиясын енгізуге білек түре кірісті. Бұл жұмыс барлық жерде жүргізілуде. Әділет органдарын цифрландыру – бүгінде құқықтық жүйені реформалаудың негізгі бағыттарының бірі және заң үстемдігін қамтамасыз етудің маңызды құралы. Осы ретте «Цифрлық консультант» жобасын дер кезінде енгізілген орынды қадам деп бағалаған дұрыс. Көпшіліктің көңілінен шыққан бұл жоба қазірдің өзінде талай азаматтың мәселесін шешіп, дұрыс жол көрсетуімен құнды болып отыр.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»

**БІЛГЕН ЖӨН**

## МӘМІЛЕ ТҮРЛЕРІ МЕН ОНЫҢ ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ

Азаматтық құқықтық қатынаста мәміленің алар орны ерекше. Мәміле – азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері.



Мәмілелер біржақты және екі немесе көпжақты болуы мүмкін. Заңдарға немесе тараптардың келісіміне сәйкес жасалуы үшін бір тараптың ерік білдіруі қажет болған мәміле біржақты деп аталады. Ондай мәміленің кең тараған түрлеріне сенімхат, өсиет, хабарландырулар, сыйға тарту шарты не мұрадан бас тарту секілді тек қана бір тараптан ғана туындайтын әрекеттер жатады. Бұл тек сол тарапқа ғана міндеттеме жүктейді.

Ал екі немесе одан да көп тараптың келісімімен жасалған мәмілелер шарт болып табылады. Оған кез келген тараптар арасында жасалатын шарттар жатады. Яғни, күнделікті қолданыстағы қарыз шарты, сатып алу-сату шарттары жатады.

Егер тараптар құқықтар мен міндеттердің туындауын басталу-басталмауы белгісіз мән-жайға байланысты етіп қойса, мәміле кейінге қалдырылатын шартпен, ал тоқтатылуын басталу-басталмауы белгісіз мән-жайға байланысты етіп қойса, мәміле кейін күші жойылатын шартпен жасалды деп есептеледі. Егер шарттың басталуы тиімсіз болатын тарап шарттың басталуына теріс пиғылмен кедергі жасау, шарт басталды деп танылады. Ал шарттың басталуы тиімді болатын тарап шарттың басталуына теріс пиғылмен ықпал етсе, шарт басталмаған деп танылады.

Мәмілелер ауызша немесе жазбаша нысанда жасалады. Жасалған кезде атқарылатын мәмілелердің бәрі ауызша жасалуы мүмкін. Мысалы, такси қызметін пайдалану немесе киім ілгіш пен кассадағы

жетон, билет арқылы жасалатын әрекеттер. Мұндай мәміле адамның мінез-құлқынан оның мәміле жасау еркі айқын көрініп тұрған ретте де жасалған деп саналады. Сонымен қатар, үндемей қалу да мәміле жасауға ерік білдіру деп танылады. Жазбаша түрде жасалған шартты орындау үшін жасалған мәмілелер, егер заңдарға қайшы келмесе, тараптардың келісімі бойынша ауызша жасалуы мүмкін.

Жасау кезінің өзінде орындалатындарынан басқа, кәсіпкерлік қызмет үрдісінде жүзеге асырылатын, сондай-ақ 100 АЕК-тен жоғары сомаға жасалатын мәмілелер жазбаша нысанда жасалуға тиіс.

Жазбаша мәмілелер жай (қолхат) немесе нотариустың куәландыруы арқылы жасалуы мүмкін. Мәміленің осы нысанын сақтамау дау болған жағдайда оның жасалғанын, мазмұнын немесе орындалғанын куәгерлік айғақтармен растау құқығынан айырады. Алайда оны дәлелдермен растауға құқылы. Заңнамада немесе тараптардың келісімінде тікелей көрсетілген жағдайларда мәміленің жай жазбаша нысаны сақталмаған кезде мәміле маңызсыз болып саналады.

Қажетті рұқсатты алмай не рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін жасалған, он төрт жасқа толмаған адам жасасқан (заңды өкілінің қатысуымен не тұрмыстық жағдайда жасалғаннан басқа), әрекет қабілеттігі жоқ деп танылған адам жасасқан мәмілелер маңызсыз болып табылады.

Мәміленің маңызсыздығы заңнамалық актілерде көзделмесе, ол

даулы мәмілеге жатады. Мәміленің маңызсыздығы туралы дау туындаған жағдайда, оның жарамсыздығын сот белгілейді, ол талапты сотқа тараптардан басқа, мүдделі тұлғалар, тиісті мемлекеттік орган не прокурор қоюы мүмкін.

Мәміле жарамсыз болған кезде тараптардың әрқайсысы екінші тарапқа мәміле бойынша алынғанын барлығын қайтарып беруге, ал заттай қайтарып беру мүмкін болмаған жағдайда, қайтарылуға жататын мүліктің, сол мүлікті пайдаланудың, орындалған жұмыстардың немесе көрсетілген қызметтердің құнын ақшалай өтеуге міндетті. Сот мәміленің жарамсыздығын тудырған әрекеттерді жасауға кінәлі тараптан екінші тараптың пайдасына оны жарамсыз деп тануға байланысты оған келтірілген залалды өндіріп алуы мүмкін. Бұл жағдай қылмыстық мақсатқа жетуге бағытталса, ол туралы сот үкімімен (қаулысымен) белгіленсе, онда тәркіленуге жатады.

Сондай-ақ, мазмұны заңнама талаптарына сәйкес келмейтін, құқықтық тәртіп негіздеріне көрінеу қайшы келетін мақсатпен жасалған мәміле, заңнамада өзгеше белгіленбесе, дауланатын мәміле болып табылады және сот оны жарамсыз деп тануы мүмкін.

Жосықсыз бәсеке мақсатын көздейтін немесе іскерлік әдеп талаптарын бұзатын, он төрт жасқа толған кәмелетке толмаған адамның заңды өкілдерінің келісімінсіз жасаған, әрекет қабілеттілігін шектеген адам жасасқан, мәміле жасаған кезде өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтын немесе өзінің не істегенін білмейтін жағдайда болған, елеулі мәні бар жаңылысу салдарынан жасалған, алдау, зорлық, қорқыту ықпалымен, зұлымдықпен жасалған мәмілелер сотпен жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап қоюдың мерзімі үш жыл болып табылады. Ал алдау, зорлық, қорқыту ықпалымен жасалған, сондай-ақ бір тарап өкілінің екінші тараппен зұлымдық ниетте келісуі нәтижесінде жасалған мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап қою – зорлық немесе қорқыту тоқтатылған күннен бастап не талап қоюшы мәмілені жарамсыз деп тануға негіз болып табылатын өзге де мән-жайларды білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап бір жыл болады.

**Азат ӘБДІРАҚОВ,**  
**Қызылорда қалалық сотының судьясы**  
**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ**

**МАМАН МІНБЕРІ**

Қазақстан Республикасында әділ сот төрелігін қамтамасыз етудің маңызды элементтерінің бірі – сот актілерінің орындалуын қамтамасыз ету. Сот шешімі заңды күшіне енген соң, ол міндетті түрде орындалуы тиіс. Алайда, сот актілерінің уақытылы әрі толық орындалуы азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін нақты қорғаудың кепілі болып табылады.

## СОТ АКТИЛЕРІН ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ

Сот актілері – бұл сот төрелігін жүзеге асыру барысында шығарылатын шешімдер, ұйғарымдар, қаулылар және үкімдер. Бұл құжаттарда сот тараптардың арасындағы дауды шешеді немесе нақты құқықтық қатынастар бойынша қорытынды жасайды.

Сот актілеріне:

- азаматтық істер бойынша (мысалы, қарызды өндіріп алу, мүлікті бөлу);
- әкімшілік істер бойынша (мысалы, әкімшілік айыппұл салу);
- қылмыстық істер бойынша (мысалы, үкім шығару) болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасында сот актілерін орындау қызметі Әділет министрлігіне қарасты сот актілерін орындау жөніндегі жеке және мемлекеттік сот орындаушыларымен жүзеге асырылады. Бұл органдар келесі қызметтерді атқарады:

- сот шешімдерін орындау үшін орындау өндірісін қозғады;
- қарыздардан мүлік, қаражат өндіріп алады;
- жалақы, алимент, айыппұл сынды міндеттемелердің орындалуын қадағалайды;
- қажет болған жағдайда борышкердің мүлкіне тыйым салады.

Сот актісін орындау бірнеше кезеңдерден тұрады:

- 1) Өндіріп алушының өтініші негізінде орындау өндірісін қозғау, бұл дегеніміз сот шешімі күшіне енген соң, мүдделі тарап сот орындаушыға жүгініп, орындау парағын ұсынылуы.
- 2) Орындау өндірісін қозғау туралы қаулы шығару, бұл дегеніміз – сот орындаушы өндірісті қозғау туралы қаулы шығарып, борышкерге хабарлама жіберілуі.
- 3) Борышкерге ерікті түрде орындауға мерзім беру, бұл дегеніміз – борышкерге шешімді ерікті түрде орындауға 5 күндік мерзім берілуі.
- 4) Мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану, бұл дегеніміз –

егер борышкер ерікті түрде орындамаса, сот орындаушы: мүлікті тәркілей алады; банктік шоттарды бұғаттай алады; жалақы мен кірістерден ұстау жасай алады; шетелге шығуға тыйым салуы мүмкін.

Сот актілерін орындау барысында келесі қиындықтар кездеседі:

- борышкерлердің мүлкінің болмауы немесе оны жасыруы;
- орындау парақтарының кеш тапсырылуы;
- сот орындаушылардың жұмыс жүктемесінің көптігі;
- жеке сот орындаушылардың кейбір жағдайда заң талаптарын толық орындамауы.

Сот актісін орындамағаны үшін заңда бірнеше санкция қарастырылған:

- әкімшілік жауапкершілік (айыппұл);
- қылмыстық жауапкершілік (ҚР ҚК 430-бабы: «Сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау»);
- шектеу шаралары (мүлікке тыйым салу, шетелге шығуға тыйым және т.б.).

Орындау тиімділігін арттыру жолдары:

- электрондық орындау өндірісі жүйесін жетілдіру;
- сот орындаушылардың біліктілігін арттыру;
- халық арасында құқықтық сауаттылықты көтеру;
- сот актілерін орындамағаны үшін жазаны күшейту.

Қорытындылай келе, сот актілерін орындау – заң үстемдігін қамтамасыз етудегі маңызды саты. Егер сот шешімдері орындалмаса, құқықтық мемлекеттің мәні жойылады. Сондықтан, мемлекет пен қоғам сот шешімдерін орындау механизмін күшейтіп, әділеттілікті нақты қамтамасыз етуі тиіс.

**А.ҚОСМАҒАНБЕТОВ,**  
**Жаңаөзен қалалық сотының судьясы**  
**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ**

**КӨЗҚАРАС**

## ЗАҢДЫЛЫҚ КЕПІЛДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ БЕТБҰРЫС

Қазақстан Республикасының Конституциясы адам және оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын еліміздің ең жоғары құндылықтары деп таниды. Аталған құндылықтардың қорғалуында ел халқының өмірінде туындайтын жағдайларды толыққанды реттеуге қабілетті заңнамамен қамтамасыз етілуі тиіс.

Бұл жағдайда соттар заңды тікелей қолдануға өкілеттікті иелене отырып, қоғам мен мемлекет үшін халықаралық стандарттарға сәйкес әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын қорғау жөніндегі маңызды міндеттерді орындайды.

Осыған байланысты мемлекетіміздің құқықтық тәртібінің негізгі қазығы ретінде сот төрелігінің қолжетімділігін дамыту мәселелері өзекті болып қала береді.

Қазақстан Республикасында сот төрелігінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етудегі кезекті маңызды қадам қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істерге мамандандырылған үш дербес кассациялық сотты құру болып табылады. Олардың жұмысы 2025 жылғы 1 шілдеде басталды.

Қазіргі уақытта кассациялық сотының функцияларын, яғни, заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарауды Жоғарғы Сот жүзеге асы-

рады. Бұған дейінгі қолданыстағы заңнама бойынша төменгі соттардың заңды күшіне енген сот актілеріне шағымдар мен наразылықтар алдымен алқа судьяларының алдын ала қарауына түседі, оның нәтижелері бойынша кассациялық қайта қараудан бас тартуға болады. Яғни, істі заң шығарушы кассациялық қарауға беру туралы мәселені судьялардың қарауына берген. Осылайша, барлық шағымданған және наразылық білдірілген сот актілері кассациялық сатыдан өтпейді. Мұндай рәсім кассациялық қайта қарауға қолжетімділікті шектейді және тиісінше қоғамның сот төрелігінің қолжетімділігіне деген сұранысына жауап бермейді.

Істерді кассацияда тұтастай қарау, ең алдымен, істі жүргізуге қабылдау кезеңімен ерекшеленеді. Онда алдын ала қарау үрдісі болмайды. Келіп түскен барлық шағымдар, наразылықтар іс жүргізуге қабылданады және мәні бойынша кемінде үш судьяның алқалы құрамында қа-

ралады. Нәтижесінде сот актілерін тексеру таңдамалы емес, міндетті болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы кассациялық сот кассациялық іс жүргізу тәртібімен заңды күшіне енген сот шешімдері мен актілерін қайта қарауды қамтамасыз ете отырып, Сот төрелігі жүйесінде шешуші рөл атқарады. Реформаның негізгі мақсаты – сот төрелігін жүзеге асыру сапасын және азаматтардың сот жүйесіне деген сенім деңгейін арттыру. Кассациялық соттың негізгі міндеті – төмен тұрған соттардың жіберген қателіктерін түзету және елдің барлық аумағында заңдардың біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету.

Қазіргі уақытта үш кассациялық сот құрылды: қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша. Кассациялық соттарда үш судьядан тұратын алқалар бар. Заңда кассациялық соттардың өкілеттіктері, құрылымы мен құрамы, төрағалар мен судьяларға қойылатын біліктілік талаптары белгіленген. Кассациялық соттың судьясы үшін кемінде он сегіз жыл заң өтілі не судья лауазымында кемінде сегіз жыл өтілі, оның ішінде облыстық соттың судьясы болып жұмыс істеген үш жыл өтілі қажет. Кассациялық соттың



төрағасы кемінде он жыл судьялық өтілі бар, оның ішінде облыстық соттың судьясы болып бес жыл жұмыс істеген адам бола алады.

Кассациялық сатыдағы соттарға істер тікелей алқаларға келіп түседі және іс бойынша тараптардың шақыруымен қаралатын болады. Кассацияда істерді қарау мерзімі алты айдан аспайды. Сот ісін жүргізудің барлық түрлері бойынша жүгіну мен сот актілерін қайта қараудың бірыңғай қағидалары енгізілді. Кассациялық сот құқық нормаларының дұрыс қолданылғанын, төменгі сатыдағы соттың қорытындылары іс материалдары мен белгіленген фактілерге сәйкес келетіндігін тексереді.

Кассациялық соттың басты міндеттерінің бірі Қазақстанның барлық аумағында заңдарды біркелкі түсіндіру мен қолдануды қамтамасыз ету болып табылады. Бұл, әсіресе, сот жүйесінің әділдігі мен болжамдылығын сақтау үшін өте маңызды. Сот қолданыстағы заңнамаға немесе сот практикасына қайшы кел-

се, сот актілерінің күшін жоя алады немесе өзгерте алады, осылайша төменгі соттар үшін айқын біркелкі тәртіптер белгіленді. Кассациялық соттарды құра отырып, Жоғарғы Соты сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етуге шоғырланады. ҚР Жоғарғы Сотында сот актілерін қайта қарау ҚР Жоғарғы Соты төрағасының ұсынуы бойынша ерекше жағдайларда ғана мүмкін болады.

Қазақстандық кассациялық соттар сот төрелігінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыруға, сондай-ақ, азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін нығайтуға бағытталған. Бұл өз кезегінде бірінші және апелляциялық сатыдағы судьялардың өздері қабылдаған шешімдер үшін жауапкершілігін күшейтеді, бұл істерді қарау сапасын арттыруға ықпал ететіні анық.

**Руслан ДЕМЕУОВ,**  
**Ақжайық ауданының**  
**№2 аудандық сотының судьясы**  
**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ**

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мықты азаматтың құрметті демалысқа шығуын ой таразына салып тұрғанында Досжан Сарманқұлұлының өзімен бетпе-бет келіп қалған едік.

– Апыр-ай, сізді құттықтасам ба екен әлде жұбату айтып, көңіліңізді демесем бе екен? – дедім сасқақтап қалып.

– Пәлі, жұбату айтқаны несі, иығыннан бір зұлбатпан жүк түскендей сезініп тұрмын. Қу тірлікпен жүріп, отбасылық құндылықтарға көп көңіл бөле алмадық. Ағайын-туыстың ортасында болып, немерелерге көбірек уақытымды арнаймын. Бұдан асқан бақыт бола ма? – деп риясыз күлді.

Досекеңнің қоғамнан тысқары, қажетсіз болып қалғандай сынып, мүжілген түрін көрем бе деген күдігімен арылып, көңілім серпіліп-ақ қалды. Досекең ерім-ақ екен.

Бәз-баяғы өзіміз танып келген, жұрты сүйсініп, қылыштай қылпып тұрған, қашанда жайдары, жарқылдаған мінезінен айнымайтын қазақы қалпы.

Біз қаншама жылдан бері танып, тек биік қырынан көріп келе жатқан, қажымай-талмай, елінің заңы мен сот саласына адал қызмет еткен, Ата Заңның нағыз жанашыры, шынайы қорғаушысы болған Досжан Әмірге деген құрмет жоғары. Осындай аса білікті, жан-жақты, қажыры мен қайраты толысқан, жігерлі, кемеліне жетіп отырған тәжірибелі заңгердің мемлекеті мен өзі жан-тәнімен сүйетін жұртына әлі де берері мол екені анық. Содан болар, кәсіби шеберлігі келіскен заңгеріміздің ерте демалысқа шығуын түсіне алмадық. Кемеліне келіп, көштің алдында жүрген азаматтың мол тәжірибесі отандық сотты алға сүйреуге, дамытуға керек еді ғой. Өмір бойы ел игілігіне қызмет етіп, бар күш-қайратын сот саласына арнаған Досекең де қызмет етуге ұсыныс түссе бас тартатын, жеке басының шаруасын күйттейтін азамат емес еді. Оның үстіне, осындай ұлы мұратты, биік мақсатты азаматты тұғырдан көруге көзіміз де, көңіліміз де әбден үйреніп қалғанын несіне жасырайық. Досжан Әмірмен жүздескенде көмейіме осындай ойлар тығылып тұрды. Тек ол ойларымыз жарамсақтанғандай болмайын деп сыртқа шығара алмадым. Әрине, Досжан Әмір атақ-абыройдан кенде емес, халқының сый-құрметіне бөленген құрметті заңгер. Сондықтан, оның жинаған мол тәжірибесіне, елінің заңы мен сот ісіне жүйріктігін, іскерлігі мен еңбекқорлығын, осы қоғамымызға, өзі қызмет атқарып келген салаға ауадай қажеттілігін ескермегеніміз өкінішті.

Досекеңнің ұшқан ұясы, ортасы, ата-анасы да үлгі аралық. Азды-көпті араласа жүргенде, ұзақ жолда сапарлас, кейбір жиын, конференцияларда өз басым бұл кісінің шашабуын көтеріп, серіктес болуды зор мәртебе тұтумен келемін. Өйткені, мен мұндай мүмкіншіліктер арқылы көп ұттым, ардақты азаматымыздың жан-дүниесіне үңілдім, ағыл-тегіл ойларына қанықтым. Сонда көзім жеткені, бәлкім, өзгелердің көзіндегі қарапайым әкесін ешқашан жадынан шығармай, патша тұтып қадірлейтіні, оған деген ақдал перзенттік пейіліне еш қылау түсірмей, сақтап келе жатқандығы.

Ал енді Досжанның анаға деген махаббатын сипаттауға тіл жетпейді. Осыншалық биік мұратқа көтерілген, халқының сый-құрметіне бөленіп жүрген, атағы дардай азаматтың анасы туралы есіне алып, айта бастағаннан-ақ, кіршіксіз таза әрі аңғал, балаң күйге енетінін талай аңдадым. Сірә, анасын көз алдына елестету арқылы сол баяғы алаңсыз, ана құшағындағы балауса, балғын шағымен табысатын болар. Бұл арқылы нені білдіріп, қандай ойға мензеп отырмыз?

Меніңше, өз көкейімнен нық орын тепкен, өзім анық сипаттап бере алатын Досжанның биік тұғырын, оның мәнді де мазмұнды өмірін ата-анасының қатысынсыз бейнелеп, суреттеп беру мүлде мүмкін емес. Біз білеміз, көптеген азаматтар, әке-шешелері туралы айтса, оларды тек балалық шағымен байланыстырады, тура айтпаса да, өзінің биік мансап иеленіп, мұратқа еті тірілігімен, іскерлігімен жеткенін айтуға бейім тұрады, не болмаса өзін қолдаған, қызметке алған басшысының арқасы екендігін айтып, соған жарамсақтана сөйлеуге тырысады. «Мені адам қылған осы кісі» деп, қызметіне керек адамын атаудан аса алмайтын жандарды да көріп жүрміз. Мен білетін Досжан үлкен мінберлерден талай рет, жұртына, әріптестеріне, билік иелеріне,

зиялы қауымға қасқыр қарап тұрып, ең алдымен, өзінің биік мұратты жолында ата-анасына ғана қарыздар екенін, болайында іліп алар тей



Досжан ӘМІР,  
Қазақстан Судьялар одағының төрағасы:

абырой биігіне көтеріле алсам, оның баршасында менің әке-шешемнің айқын әрі қомақты үлесі бар. Бәлкім, әлдебіреу мұнымыз жоққа шығарар, әлдеқашан марқұм болған ата-анасының кейінгі іс-әрекеттерге қандай қатысы бар деуі де әбден мүмкін. «Ата-анам аман-есен өсіріп, жеткізгені үшін борыштымын!» деумен шектелсе де болар еді деуі де мүмкін. Солай десем де, ата-анамның орнын төмендетпейтін анық. Бірақ, осылай айтсам, әкем мен анамның өзім үшін істегендерін, өмірімде алатын орындарын аласартып алатын секілдімін. Ол кісілердің қолдап-қолпаштауы, құлағыма құйып отырған ақыл-кеңестері ғұмырыма серік болумен келе жатыр. Бәлкім, балаңдау шақтарымызда аса мән бермеген шығармыз, қалыпты жағдай сананаған шығармыз, кейінірек көбірек ойлап, бағалап жүргенім, екеуі де қара сөздің қаймағын айыраудай қасиетке ие екен. Күнделікті тұрмыс, күйбең тірлік орайындағы сөз-лапестерінің өзімен-ақ қазақ сөзінің қадір-қасиетін құлағымызға сіңіре беріпті.

отыз бес жасында жан жарынан айырылып, жесірлік қамыты мойнына түскен, сол ауыртпалыққа қыңбастан, тоғыз баласын бағып-қағып жеткізген ана еңбегіне баға жете ме?

Біздің анамыз алты ұл, үш қызын жеткізем деп қарақан басының қызығын құрбан еткен аяулы да ардақты жан болатын. Әкеміз қайтқанда тоғыз баланың алды мектептің 9-шы класс оқушысы болса, кенжеміз анамыздың құрсағында қалған. Ал осындай жағдайдағы әрі әке орнында тұздің жұмысы мойнына түскен, әрі өзінің аналық міндеті мен бала күтімін, үй шаруасын атқарған ана еңбегін немен салыстыруға болады? Шияттей сәбілерін жеткізем, адам қатарына қосамын деп, не жұмыс істемеген десеңізші... Таңның атысы, күннің батысы мал да баққан, егістік даласында да жүріп, тер төккен. Бірақ ешқашан көрген азаптарын термелемейін. Перзенттерін ешкімнен кем қылмай өсіріп, «әрі қарай өздерің талпыныңдар, мен шаршадым» деген жоқ, әрқайсымыздың орнымызды табуымызға бар күш-жігерін салды, жанын аянып қалмады, оқытты-тоқытты, ұлдарын үйләндіріп, өз алдымызға отау құрып шығарды, қыздарын алтындай алақанына салып аялап, ұзатты. Айтар ауызға ғана жеңіл шығар, мұндай өмір сынағы басына түссе, кім қалай әрекет қылған болар еді?! Мен анамызды қайсарлығы мен еңбекқорлығы үшін, ұл-қыздарын ешкімнен кем қылмай, тістеп жүріп жеткізген еңбегі мен күш-жігері үшін ескерткіш қоюға лайықты жан дер едім.

Маған күш беріп, бойыма жігер отын құйған сол кісілердің

не қатаң талап қоя білер сыншылдығы талай биік белестерге көтеріп, арман асуларына талдырмастан жетелеп отырыпты. Оның ата-анасы туралы ақжарма сөздеріне үңіле түссек, ешқандай боямасыз жүрекжарды адал лебіздер екеніне күмән келтіре алмас едік. Міне, туған халқы, еліміздің заңы мен сотының айнала-сы Досжан заңгердің аса биік мүдделер үдесінен шығып, адалдығы мен тазалығын, тура жолдан таймағанына көзін жеткізумен келеді. Сонымен бірге, оның ел мүддесінен қарақан басын ешқашан жоғары қоймағаны, қанағатшылдықпен, барын базарлай білетін дархан пейілі, әрі адамдық қарым-қатынасқа зор мән беретіні, адал сыйластықты жоғары қоятыны, өзара ынтымақты, береке-бірлікті мұрат тұтатын, адамгершілік биік ұстанымы, пендешілік осалдықтан әрқашан жоғары тұратыны – дос-жолдастары, әріптестері үшін зор үлгі-өнеге.

Досжан Сарманқұлұлы нақ осы қасиеттерімен өз мақсат-мүддесіне сатылап жетіп отырды. Біреулерден асып кеттім-ау деп өрекілген жоқ, кері кетіп, қалыс қалдым-ау деп мүжілген жоқ. Өзінің біртоға мінезімен, байсалды қалпымен ел-жұртының сый-құрметіне бөленді, мәртебелі заңгер тұғырына көтеріле алды. Демек, жоғарыдағы ол айтқан жүрекжарды сырдың жаны бар, осы биік қасиеттердің бәрі де оған анасының ақ сүтімен тал бойына құйылғандай, өмірден ерте өткен әкесінің де оның бойына дарытып кеткен қасиеттері аз болмапты. Халық ұлағатында да, «Әкеге қарап үл есетінін» ата-бабаларымыз қайталай

## «АТА-АНАМ – БАСТЫ БАҒБАНЫМ, АЙҚЫН БАҒДАРЫМ»

қасиеті бар болса, оның бәрі қадірменді әкесі мен абзал анасынан жұққандығын айтудан шаршамай, оларға адалдығынан айнымай, танбай келеді. Әрине, іс барысында өзін қолдаған, жол нұсқаған басшылықтағы ағаларына, ұстаздарына алғыс білдірудің жөні бөлек.

Бір жолы «Досеке, осыншама қызметбастылығыңызға қарамастан, үнемі әке-шеше қабірінің басына барып, тәу етіп, құран оқып, дұға қылатын әдетіңізден жаңылып көрмегеніңізді сізге етене жақын жүретін жандардан жиі естіп жүрмің. Бұл перзенттік парызым деп ұққаныңыз ба әлде қандай бір жұмысыңызда қолдау күткеніңіз бе?» – дедім.

Ол ойланбастан: «Менің жауабымды жартылай болса да, өз сұрағыңыздың ішінде айтып қойдыңыз. Әрине, қандай деңгейге жетсем де, мен ата-анам үшін бала болып қала беремін. Сондықтан, басына барып, дұға қылып, Құран оқытып отыруым өзгелерден ерекшеленуім емес шығар. Әрбір перзент осылай етуді парыз санайтын болар. Екіншіден, өзіңіз айтқандай, олардың әруағына тағзым ете отырып, қолдау, демеу күтсем де, бұл менің оқшау қасиетімнің белгісі болмас, әркімнің де осылай жасайтын көріп жүрмін. Ең бастысы, менің әрбір үлкен істерімнің бастауында айнымайтын ақылшым боп, басты кеңесшілерім болып әкем мен шешем тұр. Олай дейтінім, өз басым кез келген жауапты іске кірісерде, болмаса әлдебір маңызды мәселе шешімін күтіп тұрғанда, үнемі әке-шешемнің рұхымен ойша сырласамын. Әрине, дұн иелері «Аллаға серік қоспа!» деп жатады. Бұл менің жаратқан иеміздің жақтығына, жалғыз жаратушы екендігіне күмән келтіруім емес. Бірақ Аллаға сыйыну мен әке-шеше әруағының әрқайсысының өз орны, реті бар екенін қалайша жоққа шығарамыз?! Әруақ деген қазаққа қай заманнан бері киелі ұғым, менің ойлап тапқан жаңалығым емес. Осындай толғақты мәселелерге тірелгенде, маған үнемі әке-шешем құлағыма сыбырлап, ақыл қосқандай болады. Мен оларға үнемі өзімді тығырыққа тіреген сұрақтарымды қоямын және өзім күткен, іздеген мәселелерімнің қанағаттанарлық жауабын алғандай болып, бойым жеңілдеп сала береді. Бәлкім, мұным әкем мен анамның қадірлі де қымбат тұлғалары көкейіме әбден орнығып, бекіп қалғандығынан да шығар. Бір ғана нәрсеге анық көзім жетеді – менің өмір жолымда бір биіктегі қолым жеткені рас болса, әлдебір істерде табысты,

*Біздің анамыз алты ұл, үш қызын жеткізем деп қарақан басының қызығын құрбан еткен аяулы да ардақты жан болатын. Әкеміз қайтқанда тоғыз баланың алды мектептің 9-шы класс оқушысы болса, кенжеміз анамыздың құрсағында қалған. Ал осындай жағдайдағы әрі әке орнында тұздің жұмысы мойнына түскен, әрі өзінің аналық міндеті мен бала күтімін, үй шаруасын атқарған ана еңбегін немен салыстыруға болады? Шияттей сәбілерін жеткізем, адам қатарына қосамын деп, не жұмыс істемеген десеңізші... Таңның атысы, күннің батысы мал да баққан, егістік даласында да жүріп, тер төккен. Бірақ, ешқашан көрген азаптарын термелемейін.*

Осындай озық қасиеттері өмір бойына азық болғанын, осы күндерге дейін қызмет жолымда өнеге, ұлағат болып келгенін білдірсем, бұл артық-кем айтқаным болмас.

Ата-анамның сөзі мен ісі қабысып, жұртына, ортасына қадірін арттырғаны сол кездері бала, жас болсақ та көзіміз көрді. Осылардың айналасындағы әкем мен шешемнің танылып жататын адамгершілік қасиеттері, адал істері мен әртүрлі мәселелердегі ақылмандық кеңестері туралы тартып айтуға болар еді. «Жақсы әкенің аты жаман балаға қырық жыл азық» дегенге өмір жолымда талай рет көз жеткізіп келемін. Әкем жарықтық, салыстырмалы түрде алсақ, өз замандастарынан аз ғұмыр кешсе де, мәнді, мағыналы өмір сүрді. Өйткені, оның кісілігі елінің аузында қалды.

Мен әкемнің қадір-қасиетін тану арқылы, адам баласының орны қызмет, атақ-дәрежесімен емес, адамгершілік биіктігімен өлшенетініне көз жеткіздім. Сондықтан, қызмет дәрежесімен асса да, одан ақыл-парасатым асты, абырой-беделім асты деп айтуға аузым бармас. Қаз дауысты Қазыбек би айтпақшы, өзімді «әкеден кері кете туған емес, өте туған баланың» қатарына жатқызуға да арым бармайды. Ал сол асқар таудай әкем өмірден өткенде, тым ерте, тіпті, отыздардан енді ғана асқан шағында жесірлік өмірдің тоқпағы маңдайынан аяусыз соқса да сынбаған, белі бүгілсе де, қайыспаған аяулы анамның қажыр-қайратына әлі күнге дейін танданумен, бас июмен келемін. Мен осы тұрғыда өз анамды еш қысылмастан, нағыз аналық биік образға лайықты жандар қатарына қояр едім. Ол кісінің ерге тән қайыспас қажыр-қайраты, талмас төзімділігі мен шалдырмас шыдамдылығы бізге, перзенттеріне әлі күнге дейін жігер беруде. Бізді жеткізген деп ол кісі нендей құрбандыққа бармады десеңізші?! Небәрі

қажыр-қайраты мен өмір үшін күресі, талпынысы. Ата-анамыз мейлінше қарапайым болатын, бірақ, мен үшін олар – адамшылықтың биік шыңы, адалдық ар-ожданның үлгісі. Ата-анам – қызмет жолымның темірқазық жұлдызы, өмірлік бағыт-бағдар нұсқаушысы, басты ақылгөйлерім», – деп өз ойын түйіндегендей болған жігіт ағасы аз-кем ойланyp қалды.

Қанша жыл таныс-біліс болсақ та, осы жолы Досекеңнің осыншалық ақтарылып, ағынан жарыла шылғендігін алғаш көрдім. Рас, ол әңгімешіл, сыршыл жан, жарасымды әзілкештігі де әдемі, бірақ, өзі туралы айтуға сараң, кеудемсоқтығы, тәптіштеген өзімшілдігі жоқтығын жақсы білетін едім. Оның аузынан осы жолы шыққан ой-көзқарастарын да, сонынан сараптап, салмақтап отырсам, өзінің қадір-қасиетін танытайын дегендіктен емес, әке-шешесі туралы айтқанда ғана шешіліп, ағынан жарылыпты. Өзі туралы айтуға сараң, әр сөзіне қарауыл қойып, сыпайы әрі сақ сөйлеуге тырысатын жігіт ағасының әкесі мен шешесінің адамдығы мен жақсылықтарын айтуға келгенде кеудесі көтеріліп, жүрек оты тұтанғандай болатынын талай аңдап едім. Дәл осы жердегі ата-ана туралы толғанысы – оның жүрек түкпіріндегі шынайы бітім-болмысын айқындар қасиеті екендігі сөзсіз.

Үлкен абыроймен зейнеткерлікке шығып отырып та Досекеңнің «мен сөйттім, бүйттім, ойды ордым, қырды қырдым» деп өзеуреп, қарапайым қалпынан аумағанына қатты сүйсіндім. Әйтпесе, біз бұл азаматтың қалай мақтанып, желпініп сөйлесе де жарасатын, ұшан-теңіз еңбегі, өзінің заң мен сот саласындағы абырой-беделін ортасынан ойып тұрып алғандығын, солай бола тұра ешкімге де кеудесін қағып, асып-таспағанын жақсы білеміз.

Досжан Сарманқұлұлының өз-өзі-

айтып, ұрпақ санасына сіңіріп отырған жоқ па еді?

Досжан Сарманқұлұлы – ата аманатына адал болған, әке өсиеті мен тағлымын бойына сіңірген, аналық махаббатпен берілген тәлім-тәрбиені өз өмір жолында іске асыра білген, еліне қызмет ету барысында үнемі айнымас темірқазығына айналдырған, халқының тура жолды азаматы екенін дәлелдеумен келе жатқан, өзіне лайықты орнын иелене білген, жұртының беделді перзенті деп абыройын асыра түсуге мүдделіміз әрі қақылымыз.

Бұл мақаламызда Досекең жүріп өткен жолдарды саралап, жекелеп тоқталмай-ақ қоялық. Осыған дейін азаматтық қадір-қасиеті, заңгерлік орны сарапталған бірнеше жинақ жарық көрді, оның сыртында, өзі ақпарат құралдары бетінен жиі көрініп, әртүрлі тақырыпта өзінің ой-толғаныстарымен бөлісіп отырады, заң мен сот салаларының ең күйіп тұрған өзекті мәселелерін ортаға салады. Біз бұлардың бәрінен халқы үшін жасырып, бүгіп қалары жоқ, әрқашан ашық, әрқашан пікір-көзқарасы жариялы, жұртымен ортақ азамат тұлғасын танып, ажыратып отырамыз.

Тек бұл тұрғыдан қосарымыз, өткен жылы республика судьяларының ІХ съезінде Досжан Әмір ҚР Судьялар одағының төрағасы болып сайланған хабарын қуанышпен қабылдадық. Заң мен сот сияқты жауапты салада, іс басында осындай білікті, ысылған, тәжірибелі заңгердің жүруі біздің де, жұртымыздың да көңілін көншітері ашақ.

Біздің бұл мақаламызда көздеген мақсат-мүддеміз де сол – өзінің биік тұғырына көтеріліп отырған Досжан Сарманқұлұлына деген ақдал тілегімізді білдіру. Аяулы азаматтың болашақ заңгерлердің аяғынан нық басып кетуіне аянып қалмайтыны тағы рас. Оның Ата Заңымыздың қалыптасуына, аяғынан нық басып, көркеюіне сіңірген зор еңбектерін жақсы біле отырып, абыройлы азаматымыздың осы бір өмірінде аса елеулі, өзі үшін де, жұрты үшін де қадірі жоғары, салмақты кезеңінде аз-маз жүрекжарды ыстық лебізімізді білдірдік, мықты денсаулық, отбасылық бақыт, бұдан былай да тоқырап қалмай, болашақ ұрпаққа, әсіресе, сенімді соңынан ерген ізбасарларына өзіндік жол нұсқап, ақылшы болып, шаршамай, кеудесін жоғары ұстап, халқымен бірге, жақын жанашырларының ортасында, алға баса беруіне игі тілек тіледік.

Дәулет ӘМІРҰЛЫ,  
журналист

**БӘРЕКЕЛДІ!**

Өңірімізде бейнелеу өнерінде ерекше қолтаңбасымен танылған мүсінші Ерғали Бекешев – темір мен тасты өнер туындысына айналдырып жүрген дара тұлғалардың бірі. Ол жақында Ұлыбританияның астанасы Лондонда өткен «Golden Time Talent» халықаралық өнер фестиваліне қатысып, жүлделі жеті орынның бірін иеленіп қайтты.

**ОРАЛДЫҚ МҮСІНШІ ЛОНДОНДА ҚАЗАҚ ТУЫН ЖЕЛЫРЕТТІ**



– Интернетті ақтарып отырып, «Golden Time Talent» атты халықаралық өнер фестивалі туралы жарнамалық ақпаратқа көзім түсті. Дереку ұйымдастырушылармен байланысқа шығып, өз жұмыстарымды жолдадым. Олар менің туындыларыма «кәсіби деңгейде жасалған» деп жоғары баға беріп, «Алдар көсе» атты темірден жасалған мүсіндімді байқауға жіберу туралы шешім қабылдады. Фестивальдің бірінші онлайн кезеңінде жоғарыда атап өткен жұмысым бірінші орынды иеленіп, нәтижесінде Лондон қаласына шақырту алдым. Шақырту арқылы виза рәсімдеп, біршама уақыт пен күш-қайрат жұмсауға тура келді. Анкета толтыру, құжаттарды реттеу, қаржылық мәселелерді біртіндеп шешілді. Англияға шығу оңай емес екен. Дегенмен бәрі сәтті болды. Үш күндік фестиваль жоғары деңгейде өтті. Түрлі елдерден келген өнерпаздар өз туындыларын ұсынды. Көрмеге қойылған темір мен табиғи тастан жасалған «Табандылық» атты жұмысым жоғары бағаланып, ұйымдастырушылар тарапынан дайындалған арнайы жеті жүлденің бірі маған бұйырды. Қазақстанның туы шетел сах-

насында желбіреп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленген сәт маған ерекше шабыт сыйлады, – дейді бізбен ой бөліскен Ерғали Бекешев. Ерғали Бекешев 1963 жылы Тасқала ауданында дүниеге келген. 1985 жылы А.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының көркемсурет-графика факультетін тәмамдаған. Мүсін өнеріне деген ықыласы оны шынайы кәсіби жолға жетеледі. Бүгінде ол – Қазақстандағы белді мүсіншілердің бірі. 2010 жылдан бастап Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі атанса, 2023 жылы Қазақстан Көркемсурет академиясының корреспондент мүшесі болып қабылданды. Мүсінші-суретшінің шығармашылық қорында көптеген ерекше туынды бар. Олардың арасында темірді дәнекерлеу арқылы жасалған «Алдар көсе», «Бақбақ гүл», «Қобыз», «Суретші», «Түс», «Махамбет», «Ғасырлар үні», «Нарын», «Табандылық» сияқты туындылары ел арасында кеңінен танымал. Ақтаудың ұлу тасынан қашалған «Торсық» пен «Әже», граниттен жасалған «Нәубет заманы» монументі, Оралда орнатылған «Үкілі домбыра» композициясы – қазақ

халқының тұрмыс-тіршілігін, рухани мұрасын бейнелейтін үлкен мәдени мұралар. Оның туындылары тек көркемдік қана емес, тарихи-танымдық мазмұнымен де құнды. Мүсінші кез келген затты – темір болсын, тас болсын

үлкен оймен, философиялық мағынамен, ішкі мазмұнмен үйлестіре білуге ерекше мән береді.

– Бұл сапар маған ерекше әсер қалдырды. Лондон – ғажайып қала. Ұлттық галерея, Биг-Бен, тарихи көне кешелер – бәрі де шабыт сыйлады. Екі-үш ғасыр бұрын салынған үйлердің сапасы таңқалдырды. Осы сапарға шығуыма қолдау көрсеткен облыс әкімінің орынбасары қызметін атқарған Бақытжан Нарымбетовке, Бәйтерек ауданының әкімі Марат Тоғжановқа және кәсіпкер азаматтарға, достарыма алғысым шексіз, – дейді мүсінші.

Ерғали Орынғалиұлы ширек ғасырдан астам шығармашылық жолында «Қазақ өнерінің қайраткері», «Сіңірген еңбегі үшін» ордені және «Даңқ галереясы» I дәрежелі дипломы, «Бәйтерек ауданының Құрметті азаматы» тағы басқа атақ-дәрежеге ие болды. Ол – тек шебер мүсінші ғана емес, өз елінің рухани елшісі. Шығармашылығымен қазақтың ұлттық болмысын, бай мәдениетін шетелге танытып, халықаралық сахнада еліміздің туын желбіретіп жүрген өнер қайраткеріне біз де өз тарапымыздан сәттілік тілейміз.

**Айгерім ҒАЛЫМ,**  
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ



**АЛТЫН КӨПІР**

**ҚОРҒАС – БИЗНЕС ҮШІН ПЛАТФОРМА**

«Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастық орталығындағы (ХШЫО) Қытай-Қазақ халықаралық көрме орталығында «Орталық Азия тартымдылығы: Қорғас – бизнес үшін платформа» деген ұранмен «ЭКСПО: Орталық Азия тауарлары және сауда» деген көрме өтті. Оны Қытайдың «Синьцзян халықаралық көрмелер компаниясы Еуразия» ЖШС-і мен Қазақстанның туризм индустриясы ұлттық қауымдастығы бірлесіп ұйымдастырған болатын. Оған сан алуан саладағы 500 компания қатысты. Көрмеде Орталық Азия елдеріндегі бірқатар компания да өз өнімдерін ұсынған болатын.

«Бұл көрмеде Орталық Азия елдерінің ішінен тек Қазақстан ғана жеке павильонмен қатысты. Соның нәтижесінде ииссу, бие мен түйе сүтінен жасалған құрғақ саумал, балмұздақ, ірімшік сияқты өнімдер жасайтын отандық компаниялар бір емес, бірнеше инвестор мен серіктес тауып, алдағы уақытта арнайы келісімшарт жасауға уағдаласып қайтты. Орталық Азия елдерімен арадағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында ұйымдастырушылар енді бұл шараны дәстүрге айналдырып, алдағы күзде қайта жалғастырады», – дейді ҚР Туризм индустриясы Ұлттық қауымдастығының президенті Раушан Шәмшіқызы.

да ауқымды және қатысушылары әралуан болады деп жоспарлануда. Өйткені, Шэньси провинциясындағы Сиан халықаралық портты ауданынан келген компания ешкі сүті, құрғақ ешкі сүті мен ешкі сүтінен жасалған таблеткаларды; Гуйчжоу провинциясынан келген компания картоп сүтін, картоп сусынын; Чжэцзян провинциядан келген компания тұрмыстық және өндірістік су тазартқыштарын ұсынды. Енді біреулері қуаттағыш, роботтар, көліктер, әрқилы өнімдер дайындайтын заманауи құрал-жабдықтарын таныстырды.

Қазақстан мен Қытай арасындағы ширек ғасырлық тарихы бар «Қорғас» ХШЫО қазіргі таңда Азия ғана емес, Еуропа елдері арасындағы ең ірі логистикалық орталық саналады. Ол Еуразия құрлығындағы бүкіл елдердің Қытаймен арадағы құрлық жолы арқылы өтетін тауар айналымының күретаымыры іспетті. Мұнда өндірушілер, қызмет көрсетушілер, инвесторлар бас қосып, іскерлік келісімдер жасайды. Сондықтан да соңғы кезде Қытай үкіметі айрықша көңіл бөліп, елдің бүкіл аймақтарына «Қорғас» ХШЫО аумағында өз әлеуетін таныстырып, шетелдік серіктестермен ынтымақтастық орнатуына барлық жағдайды жасауға тырысуда.

Әрине, мұндай мүмкіндікті Қазақстан да барынша тиімді пайдаланатын болса, өңдеу өнеркәсібінің тынысы ашылып, республиканың түкпір-түкпірінде жаңа жұмыс орындары құрылып, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға әсері мол.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

**ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ**

**БАНКАРАЛЫҚ QR-ТӨЛЕМДЕР ҚАЛАЙ ЕНГІЗІЛЕДІ?**

Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов екінші деңгейлі банктердің басшыларымен кездесті. Онда Ұлттық төлем корпорациясы базасында әзірленіп жатқан Банкаралық мобильді төлемдер жүйесіне (БМТЖ) және бірыңғай QR-код арқылы жүзеге асырылатын банкаралық аударым сервистерін іске қосуға қатысты мәселелер сөз болды.

Жиында «Ұлттық төлем корпорациясы» АҚ банкаралық аударым жүйесінің қазіргі нәтижесі мен алдағы даму жоспары таныстырылды. Бүгінде бұл жүйеге екінші деңгейлі бес банк қосылған. Алғашқы қатысушы-банктер қосылған кезден бері телефон нөмірі арқылы жасалатын банкаралық аударым көлемі тұрақты түрде өсіп келеді. Тағы төрт банк сынақтан өту және техникалық тұрғыда біріктіру кезеңінде тұр. Енді барлық екінші деңгейлі банк бұл жүйеге қыркүйектен қалмай қосылады деп жоспарлануда.

Кездесуде БМТЖ инфрақұрылымының тағы бір маңызды элементі – банкаралық QR-төлемдерді енгізу мәселесі талқыланды. Алаяқтардан қорғау тетігін күшейту мен жүйенің сенімді жұмыс істеуіне жағдай жасау мақсатында клиент деректерін беру форматы қайта қаралды. Бұл форматта күмәнді және алаяқтық операцияларды қадағалауға мүмкіндік беретін толық әрі құрылымдалған ақпарат бар. Сондай-ақ, QR төлемдер сервисіне қосылу бойынша банктерге қойылатын талап күшейтілді. Бұл шаралар жүйеге қатысушы тараптар арасында сапаның, қауіпсіздік пен сенімнің бірыңғай стандартын қалыптастырады. Болжам бойынша техникалық жұмыстар аяқталған соң, жүйені толықтай іске қосу жыл соңына дейін аяқталмақ.

Қазақстан Ұлттық банкі мен Ұлттық төлем корпорациясы банкаралық QR төлемдерін енгізу бойынша пилоттық жобаны 2024 жылы іске қосқан болатын. Бірінші транзакцияның көрсетілімі 15 қарашада Алматыда өткен Қазақстан қаржыгерлерінің конгресі аясында

екінші деңгейлі екі банктің қатысуымен өтті. Банкаралық QR төлем қызметі азаматтарға QR төлемдерін жылдам және ыңғайлы жүргізуге мүмкіндік беретін Ұлттық цифрлық қаржылық инфрақұрылымның құрамдас бөліктерінің бірі саналады. Банкаралық QR төлемдерін енгізу кәсіпкерлік субъектілеріне әртүрлі банктердің бірнеше терминалдарын орнату құнын төмендетуге, ал азаматтарға QR-код арқылы елдегі кез келген банктің терминалы арқылы төлем жасауға мүмкіндік береді. Өз кезегінде банктер NDFI инфрақұрылымына қатысу аясында банкаралық транзакцияларды өңдеу құнын төмендету және клиенттерге төлем қызметтерін кеңейту есебінен шығындарды оңтайландыруға мүмкіндік алады.

Қазіргі таңда елімізде 17 банк және «Қазпошта» АҚ төлем карточкаларын шығаруды жүзеге асырады. 1 маусымдағы жағдай бойынша, банктердің айналымдағы карточкалар саны – 81,2 млн. Оның 80,6 пайызы – дебеттік карточкалар; 15,7 пайызы – кредиттік карточкалар; 3,7 пайызы – кредиттік лимиті бар дебеттік карточкалар мен алдын ала ақысы төленген карточкалар.

Мамыр айында қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана жүргізілген транзакциялардың көлемі 18,1 трлн теңгеге жетіп, транзакциялар саны 1,3 млрд бірлікті құрады. Қазақстан аумағында қолма-қол ақшасыз операциялардың негізгі үлесі интернет/мобильді банкинг және POS-терминалдар арқылы жүргізілді.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**  
«Заң газеті»

**ИГІ ІС**

Қазақстанның сыртқы сауда айналымының бестен бірі қазір Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) елдерінің үлесінде. Еліміздің сыртқы сауда айналымында ТМД елдерінің үлесі биылғы қаңтар-сәуірде 26 пайызды, ал оның ішінде ЕАЭО кірмейтін Әзірбайжан, Молдова, Тәжікстан, Түрікменстан, Украина, Өзбекстанның үлесі бес-ақ пайызды құрады. Ал Еуропалық одаққа кіретін 27 елдің үлесі 36 пайыз болды.

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, қаңтар-сәуірде еліміздің ЕАЭО елдерімен өзара саудасы 8411,1 млн АҚШ долларын құрады. Былтырғы сәуір кезеңде ол 8725,7 млн доллар көлемінде болған. Яғни, бұл көрсеткіш өткен жылдың сәуіріне қарағанда салыстырғанда номиналды мәнде 3,6 пайызға төмен. Атап айтқанда, биыл тауарлар экспорты 2804 млн доллар (8,7% аз), импорт 5607,1 млн доллар (0,8% аз) деңгейінде қалыптасты.

Негізгі көрсеткіштерді салыстырған кезде биыл қаңтар-сәуір айларында Қазақстанның сыртқы сауда-

**СЫРТҚЫ САУДАДАҒЫ ЕАЭО-НЫҢ ОРНЫ ЕРЕКШЕ**

сында ЕАЭО елдерінің үлесі екінші деңгейлі екі банктің қатысуымен өтті. Былтырғы сәуір кезеңіне салыстырғанда, ЕАЭО үлесі ұлғайғанын да атап өткен жөн шығар. Есепті кезеңде Армениямен, Беларусьпен, Қырғызстанмен арадағы сауда өскенімен, Ресеймен арадағы сауда азайған. Тауар айналымының жалпы көлеміндегі ЕАЭО елдері үлесінің құрылымында Ресейдің үлесі басым (18 пайыз) болғандықтан, серіктес Армения, Беларусь, Қырғызстанмен арадағы саудадағы өсім номиналды мәнге әсер ете алмады. Осыған қарамастан, қаңтар-сәуірде Қазақстанның экспорттағы негізгі әріптес елдері: Италия, Қытай, Ресей, Нидерланды, Франция, Түркия. Ал импорттағы негізгі әріптес елдер қатарында Ресей, Қытай, Германия, Корея Республикасы, АҚШ, Түркия елдері бар. Яғни, импортта Ресей көшбасшылық орнын сақтап қалуда.

Бұл ахуал, Ресей мен Украина арасындағы соғыстың жалғасуына қарамастан, жақын арада өзгеріс қояы екіталай. Өйткені, ЕАЭО елдерінің үлесі қаңтар-сәуірде

экспортта 12 пайызды, импортта 30 пайызды құрады. Былтырғы сәуір кезеңіне салыстырғанда, ЕАЭО үлесі биыл экспортта өзгеріссіз қалғанымен, импортта 1,3 пайызға төмендегені байқалады. Алайда, бұл өзгеріс Қазақстанның сыртқы саудасындағы жалпы көрсеткіштерге айтарлықтай әсер ете алмайды. Өйткені, елімізде халықаралық ұйымдармен ықпалдастық мәселелері сөз болған кезде ЕАЭО-ның аты ерекше аталады.

ЕАЭО экономикалық ұйым саналғанымен, одаққа мүше елдердің сыртқы саясатын айқындауда да рөлі өте зор. Сол себепті сауда-саттықтың кейбір мәселелерін талқылау кезінде ұйымның қызметіне қатысты саясаткерлер мен сарапшылар тарапынан түрлі сындар айтылады. Бірақ, ол ұйымның бағыт-бағдарына әсер етпейді. Бұған Қазақстан Республикасының экспорты мен импортының құрылымындағы тауарлардың негізгі үлес салмағы дәлел бола алады.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

**ҚЫЛМЫСҚА ТОСҚАУЫЛ**

**САРБАЗДАР – САПТА**

ІІМ Ұлттық ұланының әскери қызметшілері жарты жыл ішінде 10 мыңға жуық құқық бұзушыны ұстаған. Сонымен бірге әскери қызметшілер алты айда 173 дана суық және атыс қаруын, оқ-дәріні тәркіледі. Осы аралықта 828 грамм есірткі затын тапқан.

Ұлттық ұлан сарбаздарының көмегімен 73 із-түзсіз жоғалған бала табылып, отбасыларына табысталды. Сондай-ақ, 24 өрт сөндіру және адамдарды құтқару оқиғасы тіркелді. Әскери қызметшілер 54 жоғалған зат пен 113 ұялы телефонды иелеріне қайтарып берді.

Қызмет атқару барысында сарбаздар жүрек талмасы, демікпе ұстамасы, жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккендерге, өзіне қол салуға әрекеттенген және сұға батқан азаматтарға дер кезінде көмек көрсетті. Жалпы, алты ай ішінде Ұлттық ұлан әскери қыз-

метшілері 32 адамға алғашқы медициналық жәрдем көрсетті. Жыл басынан бері тыйым салынған заттарды қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің аумағына өткізуге қатысты 77 әрекеттің жолы кесіліп, осыған байланысты 55 адам ұсталды. Сонымен қатар қоғамдық тәртіпті бұзған 9 919 азамат ішкі істер органдарына жеткізілді. Олардың ішінде 379 адам қылмыс жасады деген күдікпен ұсталды.

Қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыз етуде батылдық пен жанқиярлық танытқандар қызметі елеулі елесі қалған жоқ. Биыл 190 әскери қызметші түрлі марапаттарға ие болды. Бүгінде құқықтық тәртіп әскерінің жеке құрамы полициямен бірлесіп, еліміздің 21 қаласында қоғамдық тәртіпті қадағалайды. Бұл міндетті орындауға күн сайын 8 мыңнан астам ұландық атсалысады.

**Аружан МӘУЛЕНБАЙ,**  
«Заң газеті»

## ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТИП

# ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ ЗАЛАЛЫ

Елімізде жыл сайын тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шегетіндер саны артып келеді. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа көбінесе қоғамның әлсіз топтары әйелдер мен балалар, қарттар ұшырайды.

Көп адамдардың пікірінше, отбасылық зорлық-зомбылық тек күйеуі мен әйелі арасында орын алады деген ұғым қалыптасқан, алайда, деректерге сүйенсек, ересек балалардың қарт аналары мен әкелеріне сыйламаушылық танытып, былапыт сөздер айтып, отбасы тыныштығын бұзатынын көрсетіп отыр. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың орын алу себептері қызғаныш, жұмыссыздық, отбасылық құндылықтардың төмендеуі, алкоголь және есірткі өнімдерін тұтыну болып табылады.

Біздің заманауи дамыған қоғамда тұратынымызға қарамастан, отбасылардағы тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары өте жиі кездеседі. Көбінесе адамдар бұл туралы ашық айтудан ұялады. Қазақстан Республикасының Конституциясында адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды, әркімнің ар-намысы мен абыройы атының қорғалуына құқығы бар деп анық жазылған.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық дегеніміз – отбасылық-тұрмыстық қа-



тынастар саласындағы бір адамның екінші адамға қатысты физикалық және психикалық зардап келтіретіні немесе келтіру қаупі бар қасақана жасалған заңға қайшы әрекеті болып табылады. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мемлекеттегі әлеуметтік маңызы бар

мәселелердің бірі болып табылады. Мұндай құқықбұзушылықтың көбеюі отбасылық құндылықтың әлсіреп, жақындар арасындағы жылулықтың кеміп бара жатқандығын көрсетеді. Әлдінің әлсізге күш көрсетуі, азаматтың әйелі мен баласына қол жұмсауы жақсылықтың белгісі емес.

Құқықтық мемлекетте азаматтардың құқығы мен бостандығын шектеуге, ар-намысына тиюге ешкімнің хақысы жоқ.

Мемлекет үшін әр отбасының орны бөлек, маңызы жоғары. Себебі үлкен мемлекеттің өзі шағын отбасылардан құралады. Отбасы құндылығының артып, ықпалының өсуі жақындар арасындағы жарасымдылықты сақтауға, қоғамға тәрбиелі, мәдениетті ұрпақ әкелуге септігін тигізеді. Бүгінгі таңда отбасы тыныштығын қорғау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу бағытында елімізде атқарылып жатқан жұмыстар ауқымды. Қоғамда зорлық-зомбылықтың залалы, оның теріс салдары үнемі ашық айтылып, жиі көрсетіліп тұруы керек санаймын.

**Д.КАЛАБАЕВА,**  
Маңғыстау облысы  
қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған  
ауданаралық сотының  
бас маманы –  
сот отырысының хатшысы

## ЖАРНАМА

### ТАРАТУ

3. «Атырау MV Company» ЖШС (БСН 070540009102) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, «Мирас» шағынауданы, Т.Рысқұлов көшесі, 8-құрылыс. Тел. 8701 532 48 08.

8. «АРС-ЭНЖИН» ЖШС (БСН 221040027059) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 99-ғимарат.

14. «Артель Азия» ЖШС (БСН 210740005465) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Өскемен қаласы, М.Горкий көшесі, 50-үй, тел. 8777 855 6155.

17. «Алтын алма» өндірістік кооперативі (БСН 050440011315) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жылға ауылдық округі, Жылға ауылы, Қ.Сейдазов көшесі, 42-үй, пошта индексі 160901.

### ӨРТУРА

2. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2025 жылғы 12 маусымдағы №138 қаулысы негізінде Маңғыстау облысы білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№12 «Айтелек» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (БСН 240840011161) оған Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің №12 «Рахат» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бірікту жолымен қайта ұйымдастырылғандығын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайы бойынша қабылданады: 130200, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Рахат ауылы, Түкібай Айдаров көшесі, құрылыс 8, тел. 8(72934) 93627

4. «АИФН «ТГ Al-Farabi» АҚ (БСН 230540031730) (бұдан әрі – Қоғам) жалғыз акционердің шешімімен Қоғамды «ТГ Al-Farabi» ЖШС қайта ұйымдастыру туралы хабарлайды. Қоғамның орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Ахмедьяров көшесі, 25А үй. Қоғамның кредиторлары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Қоғамның барлық міндеттемелері бойынша тиісті кепілдіктерді ұсынуды немесе мерзімінен бұрын тоқтатуды және залалдарды өтеуді талап ете алады. Талаптар жазбаша түрде мына мекенжайға жолдануы тиіс: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Ахмедьяров көшесі, 25А үй.

5. «АИФРИ «ТГ MED» АҚ (БСН 230840043071) (бұдан әрі – Қоғам) жалғыз акционердің шешімімен Қоғамды ЖШС «ТГ MED» қайта ұйымдастыру туралы хабарлайды. Қоғамның орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Ахмедьяров көшесі, 25А үй. Қоғамның кредиторлары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Қоғамның барлық міндеттемелері бойынша тиісті кепілдіктерді ұсынуды немесе мерзімінен бұрын тоқтатуды және залалдарды өтеуді талап ете алады. Талаптар жазбаша түрде мына мекенжайға жолдануы тиіс: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Ахмедьяров көшесі, 25А үй.

6. Павлодар облысы Ақсу қаласының ауданаралық сотымен Шульженко Татьяна Николаевнаң арызы бойынша, 1975 жылы туған азамат Шульженко Виталий Николаевичті қайтыс болды деп тану туралы азаматтық іс қозғалуына байланысты, ол туралы білетін барлық тұлғалардан осы ақпаратты хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзімі ішінде: Ақсу қаласы, Строителей көшесі, 12-үй, тел. 8 705 706 90 12 мекенжайы бойынша Павлодар облысы Ақсу қаласының ауданаралық сотына хабарлауын сұраймыз.

7. «INGENICON» ЖШС (БСН 060540019277) жарғылық капиталының 393 000 (үш жүз тоқсан үш мың) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Барлық талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек Би ауданы, Ерубәев көшесі, 12-үй, н.п.1. тел. +7701 900 15 74.

11. «Aster Industry» ЖШС (БСН 230440020342) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, жалғыз қатысушының жаңадан құрылған «Advanced Processing Technogenic Resources» серіктестігінің бөлу жолымен Серіктестікті қайта ұйымдастыру туралы қабылдаған шешімі туралы хабарлайды («APTR» ЖШС қысқартылған атауы). Қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның корпоративтік атауы: «Aster Industry» ЖШС, заңды және нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Кенесары көшесі, 40 үй, н.п.47. Жаңадан құрылған заңды тұлғаның корпоративтік атауы: «Advanced Processing Technogenic Resources» ЖШС, заңды және нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Кенесары көшесі, 40 үй, н.п.47. Кредиторлардың Серіктестік міндеттемелерін мерзімінен бұрын тоқтату немесе орындау және залалдарды өтеу туралы жазбаша талаптары осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Кенесары көшесі, 40-құрылыс, н.б.47, тел. +7 701 222 83 74.

12. «Barys Data Base» ЖШС (БСН 240640006425) жарғылық капиталдың 393 200 (үш жүз тоқсан үш мың екі жүз) теңгеге дейін азайтылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: altair.uuzbayev@gmail.com, Астана қаласы, Ахмет Байтұрсынұлы көшесі, 1-үй, 1620-кеңсе.

13. «БИЗНЕС-НУР» ЖШС (БСН 010940006386) жарғылық капиталының 100 000 (жүз мың) теңгеге азайғаны, жарғылық капиталдың 50 000 000 (елу миллион) теңге сомасында бекітілгені туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Қонаев қаласы, Сәкен Сейфуллин көшесі, 28/1 үй.

15. «Phoenix Distribution» ЖШС (БСН 160240013793) өзіне «Селектра Инжиниринг» ЖШС (БСН 070240015235) және «Техснаб Трейдинг» ЖШС-н (БСН 130640000780) қосу арқылы қайта ұйымдастырылатыны жөнінде хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Қарағайлы шағынауданы, С. Калмыков көшесі, 69-үй, тел.: 87015185000

### 16. ЖІТІ ІШЕК ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

**Жіті ішек инфекциялары** – бактериялар, вирустар немесе паразиттер арқылы таралатын, адамның ас қорыту жүйесін зақымдайтын **жуқпалы аурулар** тобына жатады. Оларға: дизентерия, сальмонеллез, ротавирус, іш сүзегі және басқа да аурулар жатады.

#### АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ:

Қолды сабындап жиі жуу: **тамақ алдында, дәретханадан кейін, сырттан келген соң;**

Балаларға да қол жуу дағдысын үйрету қажет.

Балалар мекемелерінде (балабақша, мектеп): асхана, дәретхана, қол жуу орындары санитарлық талаптарға сай болуы қажет.

#### ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Жіті ішек инфекциясы жуққан жағдайда өздігінен емделуге болмайды. Міндетті түрде дәрігерге қаралу қажет!  
Ерте анықталып, дұрыс ем қабылданса, асқынусыз өтеді.

**Г.БАЙМЕДЕТОВА,**  
КР ДСМ СЭБК  
«ҰСО» ШЖҚ РМК

«Түркістан облысы бойынша  
дезинфекция орталығы»

**Төлеби ауданындағы дезинфекциялық  
секторының нұсқаушы дезинфекторы**

9. «КазНедраПроект» ЖШС (БСН 150240012931) жарғылық капиталының 330 200 000 (үш жүз отыз миллион екі жүз мың) теңгеден 200 000 (екі жүз мың) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Барлық талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Ерке Серкебаев даңғылы, 103/1 үй, 172-пәтер, тел. 8707 858 41 65.

### БАНКРОТТЫҚ

10. Алматы қаласы МАЭС 26.10.2023 жылғы шешімімен «Global Holiday» (БСН 060740012920), заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Гоголь көшесі, 39-үй, 216-кеңсе, банкрот деп танылды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Гоголь көшесі, 39-үй, 216-кеңсе, тел. 8707 858 4165.

## Баспасөз – 2025

# Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

## Жазылу индекстері:

## «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,  
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zankreklama@mail.ru

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zankreklama@mail.ru

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолың көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,  
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.  
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1» фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan.at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выйдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

**БАЙҚАУҒА!**

**(Жалғасы. Басы өткен санда)**

Бұған менен басқа ешкім назар аудармады ғой деймін. Кенет музыка тоқтап, билеп жатқандар аңтарыла бір-бірімізге қарап, «музыка» деп шулағанбыз. Бізден сәл әріректегі жастар кейін шегінгенде, бір жігіттің еденде жатқанын көрдім. «Жедел жәрдем» шақыртылып, полиция да келді. Иордан деген грек баланың би үстінде құлап өлгенін естідім» деп жазыпты. Құлаған қыз, оны сүйемелдеген әлде құшақтап тұрған жігіт кім? Қыз неге құлады? Жігіті ме әлде басқа біреу қағып жіберіп құлатты ма?» деген ой кешті Бұлан.

Мариямның айтуынша, дискотека өткен Мәдениет үйі әлі баяғы қалпында. Өйткені оны жекешелендіруге қала жастары қарсы болып, күні кешеге дейін жекеге жіберілмеген. Бірақ сол белсенділер ересек тартып, қызық қууы басылған. Ал қазіргі жастардың той-тамашасы үлкен қалаларға ауысқан сияқты. Сонымен ырду-дырду азайған әлгі Мәдениет сарайын бір пысықай сатып алмаққа жаныға кіріскен деседі. Жаңа қожасы бүлдіргеннен бұрын оқиға орнын қарап үлгергені жөн. Ертеңіне атбасын Қаратасқа тіреген Бұлан Мариям апасын ертіп бірден Мәдениет үйінің есігін ашты. Сахна мен билейтін алаңның арасы әжептәуір. Сызба бойынша құлаған Иорданның сахнаға жақын жатқаны бедерленген. Ол маңайда жігіттің қарақұсын үзіп ойып жіберердей қатты ештеңе байқалмайды. Сахнаның алдында ары-бері әлдене іздегендей төңселген Бұланды әлгінде Мариям таныстырған Мәдениет үйінің директоры Серікбай иығынан тартып өзіне қаратты да:

– Иорданның құлаған жері мынау, – деп сарайдың төріне қарай жетеледі.

– Сызбада дененің сахнаға жақын жатқаны бейнеленген ғой, – деген Бұланның сөзін Серікбай:

– Иордан құлағанда оны тани-тындар жарығы мол сахнаға қарай көтеріп апарған сәтте келген полиция дереу сол тұсты сызған шығар. Ал кейіннен уәскелік инспектордың нұсқауымен бұрынғы құлаған жеріне апарғаннан кейін фотосуретке түсірді-ау деймін, – деді.

– Оның бәрін қолыңмен қойғандай қайдан білесің?

– Мен де он сегізге би билеген сондағы көп жастың біреуімін. Одан кейін оқуға түсіп, талай сахнада өнер көрсетіп, соңғы екі жылда оралдым туған қалама. Қазір осы Мәдениет үйінің директорымын.

– Бұл сарайың жуық арада сатылатын көрінеді. Директорлықпен қоштасқан соң, тағы да кетесің бе басқа жаққа?

– Ол ылғи айтылатын қыдырма сөз. Қала әкімі сатылмайтынына біржола нүктесін қойған. Қайтпентенің ештеңе жоқ, – деген директордан да түсінік алды Бұлан. Мәдениет үйінің ішінде ештеңеге, ешкімге назар аудармай, тыным таппаған Мариям сахнадан алыстау қабырғаға жақын тұсқа барды да, Бұланға жалт бұрылды.

– Оқиғаның қалай болғанын білмеймін, бірақ мен кіргенде балам дәл мына жерде шалқасынан жатыр екен. Би үстінде шалынысып құлап, шүйдесімен мына цемент жақтауға соғылған, содан көк тамыры жарылып, бірден өліп кеткеніне сендірмекке әрекеттенді барлығы. Бірақ, менің көңілім осыған еш жұбанбайды.

– Өткенде сұрай алмадым. Енді айтыңызшы, күдіктенетін біреуіңіз бар ма?

– Бар. Бөрі деген қаланың бұзығынан көремін. Полиция оған қарсы дәлел таба алмады. Себебі биге қатысқандар Бөріден қорқып онымен бірге билегендері туралы жақ ашпады. Ал өзі өлсе мойындар. Оның сол күні биге бармағаны өтірік. Жайшылықта ойын-сауықтың ісі шықса, елден бұрын сойқан сала тепкіле-

нетін Бөрінің соншама жас жиналған жерге аяқ баспағанына сенбеймін.

Өйткені, баламның құлағанын естісімен осында жеткен мен бол-здап айқайлай есіктен ішке аттағанымда, дуал жағалай зытып бара жатқан Бөріні көзім шалды ғой. Соны айтсам, ешкім мақұлдамайды. Ал Бөрі маңайлатпайды. Қазіргі күні түрмеде отырған оған арнайы кіріп жолықтым. «Ақыры қамаудасың. Иорданмен бұрыннан ерегісіп жүретіңнен құлағдармын. Менің жалғызымды қапысын тауып ұрып құлатып, жазым еткеніңді рас деші. Мына жарық дүниеде байыз



әшейіннен-әшейін түрменің есігін аша салмайды ғой?

– Мұның да рас. Ол кісінің куәлік етуінше, сен сол күні биге барыпсың. Ал өзгелер барған жоқ, туған күн кешінде болды деседі. Құдайшылығыңды айтшы. Осының қайсысы шын?

Тоқпақтай жұдырығын жұмулы күйінде үстел үстіне дүк еткізген Бөрі:

– Екеуі дегенің, – деді. Мен Қаратас-тың бір шетіндегі «Қырық кепеде»

мым. Осы кезде манадан екеуара әңгімені тыңдап, суреттерге қарап қойып отырған Зәмираның күйеуі Ақылбек:

– Мен танимын. Ботабай ғой. Бұл әлдеқашан Қаратастан Таразға көшкен. Жалпы, талайдан жолығыспандық та. Жанындағы қызы Фарида бізбен кластас еді. Екеуі үйленген. Бірақ кейіннен ажырасыпты. Фарида қазір осында төркінінде. Мүмкін, сол келіншегі білер қайда екенін. Өйткені, бала-шағасымен хабарласпауы мүмкін емес қой, – деді.

– Бұл баланың бұзықтығы жоқ па еді?

– Жас кезімізде бәріміз де шудың қай тұстан естілеріне елеңдеп өстік қой. Ботабай да төбелестен қара жаяу емес-ті. Қалада мектепаралық бокстан өтетін жарыстардан ылғи жүздемен оралатын. Қаратастағы ересектер құрамасына қабылданды да. Көбіне қарсыласын нокаутқа жіберіпті дегенді жиі еститімін. Бірақ, Бөрі сияқты қаланы бөріктірген емес. Жөнімен жүретін.

**КӨМБЕСІ КӨП ЖЫЛДАР**

таппаған жаным тыншысын. Солай етсең, кешірімді беріп, абақтыдан босануыңа көмектесейін», – дедім жалынып. «Өлтірсем, сол кезде-ақ өлтірдім деймін. Ал саусағымның ұшын тигізбеген адамның қанын мойныма жүктемеймін ешқашан» деп бетбақтырмады. Сені шындап кірсе, кімнің де болса көңілін де, тілін де тапқыш дейді. Бекерден-бекер суреттерге үңіліп, әркімнің мыжыма түсінігіне қайта-қайта шұқшиғанша, әлгі Бөріге қылмысын мойындатшы. Ұядем – уәде. Кешірімді беріп, басына бостандығын әперейің».

Бір бастаса тоқтауы қиын Мәриямның әңгімесін ақырына дейін тәзіммен тыңдаған Бұлан енді онымен бірге жүруден қашақтап, бүгін кештете Шуақтыға қайтатынын, Қаратасқа таяу уақыттарда тағы да оралатынын, өзін бірге ерте жүріп барлық жағдайға басынан бастап қайтадан қанығуға тиіс екенін ескертіп, үйіне ұзатып салды.

Содан соң директордан кабинетінде бір-екі сағат жұмыс істеуге келісімін алды. Сосын тергеушінің сызған жобаларына үңілді. Сахнада музыкасын ойнаған ансамбль бейнеленген. Одан әрі ашық ортада жатқан адамның сұлбасы сызылыпты. Конверттен он шақты суретті шығарды. Біразы видеодан алынған. Соған қарағанда біреу бишілерді оқта-текте видеоға таспалаған. Топ суреттің арасында оқиғаға жақыны алтау. Ошарылған бір топ ортаға үдірейе қарап қалған. Видеошы осы сәтте айналадағы көріністі түгел таспасына тартқан тәрізді. Мына біреуіндегілер жерде жатқанға қарап күліп тұр да, келесінде оны тұрғызбаққа үш-төрт жігіт еңкейе қолын созған. Қыз-жігіті аралас тағы бір топ оқиғаны сырттай бақылап тұр. Осымен видеодан таспаланған бейнелер бітеді. Полиция криминалистің әзірлеген фотосуреттерін қолмен сызылған сызбалармен салыстырды. Айырмашылық бар сияқты. Сызбада би алаңы ашық. Көз тоқтатарлық ештеңе бедерленбеген. Ал фотосуретте жерде жатқан адамның бас жағында әлдене қарауытады. Бұлан Мәдениет үйінен шықты да, аудандық ішкі істер бөліміне барып, бастығына кірді. Мұның келудегі мақсатын тыңдаған полковник Айту Аманұлы басын шайқай отырып күлді.

– Бұл көмбесі көп істі ашуға жабыла кіріскен едік. Бірақ, қылмыс дәлелін таппағандықтан, іздеуді тоқтатқанбыз. Сол кездегі бастығымыз Мариям апайды осы тұжырымымызға иландыра алмай, жоғарыдан арызды тексеруге келіп, қайта тергеуді өздері жасамақ болғандармен қосыла алашапқын жүріп, ақыры зейнеткерлікке ілікті. Ол доғарысқа кеткен соң, апайдың тәуіптерді жаға-

лауға кіріскенін еститімін. Енді жеке детектив тауып іске қоса бастаған ба? Сірә, ақшасы бітпей тоқтамайды-ау апамыз, – деген бастықтың үнінен бұдан ештеңе шықпайтынына сенген меуерінді сезді Бұлан.

– Бөрі есімді қаланың бұзығынан күдіктенеді екен. Бұған не дейсіз?

– Бөрі дәл сол күні биге аяқ баспаған. Бірақ оған Мариям апамыз сенбейді. Мәдениет үйіне кірген сәтінде Бөрінің жанымнан өте шыққанын өз көзіммен көрдім дейді. Дегенмен Бөріні биде көзіміз шалды дейтін ол кісіден өзге ешқандай күе жоқ. Куә жоқ болған соң, мойындау да жоқ. Керісінше, Бөрімен бірге қаланың «Қырық кепе» аталатын басқа мөлтекауданында туған күнге бірге қатысқанына куәлік еткендер бар. Жалпы, әбден сіңістіге айналған бұл іске басынды қатырмай, апаймен қоштасайшы. Үстіңнен ешкімге шағымдана алмайды ғой, – деген полковник енді ақыл айтуға көшкенде орнынан көтерілген Бұлан тез қоштасып сыртқа беттеді.

\*\*\*

Уәдесі бойынша Әулиеатадағы түрмеге Бөрімен кездесуге барды. Есімін сырттай естіген жігітті көргенде, Бұланның есіне бала кезде шекелеспекке кеуде тірестірген ерегісте айтылатын «Бір ұрғанда боқ қылам, екі ұрғанда жоқ қылам» дейтін дөңайбат сөз түсті. Мына дәу сарының қара күштің иесі көзге ұрып-ақ тұр.

– Боксқа қатыстың ба? – деді Бұлан сырт қарта қарап.

– Қатысуын қатыстым. Оның саған не қажеті бар? Одан да Иорданды ұрған-ұрмағанымыз сұрауың керек шығар? Негізгі жұмысың сол емес пе?

– Оған да үлгереміз. Боксер екенсің, қорғаныс әдісіңді ұсташы. Мен де бокспен шұғылданғанмын. Тіресіп байқайын, – деген Бұлан әуелі өзі бокстасатын сияқты екі қолын кеудесіне жинай Бөріге қарсы тұра қалды. Мынаның қылығына қызыққандай Бөрі де оң қолын жағына таяй, сол қолын алға созып аяқтарын алшыта:

– Келсең кел, – деді миығына мысқыл жүгірте.

– Болды, осы да жетеді. Шынымен де бокстасыпсың. Оңқай екенсің ғой. Солақай болғаныңа түрменен емес, спортшылар көтерілетін үш түрлі тақтың біріншісінен түспейтіндей жөнің барын байқадым, – деп куле қарады Бұлан. – Енді әлгінде өзің айтқан Иорданның мәселесіне келмейік.

– Сол апа да қадалған жерінен қан алып қоймады ғой.

– Қоймағанын сөгіп сонша кімге ренжідің?

– Өтірік білмегенсіме. Иорданның мамасы Мариям әкелмесе, саған

кластасымның үйінде туған күнде отырдым. Биге бару ойымда жоқ еді. Біраз сілтеген арақтың күшімен бір билеп қайтуға аңсарым ауды да, ақыры Мәдениет үйінен бірақ шықтым. Табалдырықтан атпаған сәтте аттарылған жастарды, жерде құлап жатқан Иорданды көрісімен, дереу сыртқа шыға жөнелдім. Сол кезде есіктен алқын-жұлқын кіріп келе жатқан Мариям апаны байқасымен, көзіне шалынбау үшін топырлаған көптің ортасына ығыстым. Ешкімге назар аудармай ішке ұмтылған ол кісі мені байқамадығы есептегенмін. Бірақ аңғарып үлгеріпті ғой. Ол гречанкадан бой тасалағаным, баласымен бір-екі би кешінде ілінісіп, жігіттер ажыратқан. Иорданды ұрып құлатқан мен еместігімді дәлелдегенімше, талай пәлеге шатылатынымды, Мариямның оңайлықпен құтқармайтынын ойлап безе зытқанмын. Сапырылысқан жұрттың көбі менің кіріп шыққанымды байқамады да. Бірақ тергеушілер сол кісінің айтуымен соңыма түскенде, туған күнде болғанымыз растағандар мен барғанымыз байқамағандар куәлік берді. Шынын айтқанда, Мәдениет үйінде жолыққан он шақты танысқа көрмедік деуге тиісті екенін ескертіп үлгергенмін. Сонымен полиция күдігінен құтылғанмен, Мариям апаның күдігінен әлі күнге құтылмай-ақ қойдым. Ал Иорданға саусағымның ұшы да тиген жоқ. Тіпті, онымен тірідей сол күні ұшыраспадым да. Сен оның анасына менің дәлелдерімді айтып, пәлесінен құтқарды.

Бұлан түрмеден ұзап бара жатып кімнен-кімді құтқаратын болдым осы деп мырс етіп күлді.

\*\*\*

Біраздан соң Зәмираның жазғаны есіне түсіп, бұрынғы биқұмар қызды, бүгінде балалы-шағалы келіншекті іздеуге бел байлады. Мариямның көмегімен ол да тез табылды. Үйінде жолыққандағы оның баяндауы осыдан он жеті жыл бұрын жазған түсінігінен өзгермеді. Сөзін аяқтап өзіне қараған Зәмираға сурттерді ұсынып:

– Мына адамдардың арасында құлаған қызды сүйемелдеген әлде құшақтаған жігіт бар ма? – деді. Қағаздағы бейнелерге үңілген ол:

– Осы жігіт сияқты, – деп билеушілерге селтиге қараған біреуді көрсетті.

– Арада қаншама жыл өтсе де дәл сол екенін қалай таныдың?

– Біздің жас кезіміздегі ерекше түрге есептелетін аяғындағы носки аппақ, ал кроссовкасы мен футболкасы қыл-қызыл еді. Суретте қара болғанымен, менің жорамалым солай, ағасы.

– Бұл жігітпен етене таныстығың бар ма?

– Жоқ, мүлде ұшыраспаған ада-

– Мәліметіңізге рақмет. Енді өтінішім, әлгі кластасыңыздың үйіне алып барсаңыз, – деді Бұлан. Оның сөзін екі етпей жол бастаған Ақылбек:

– Ботабай адам ұрып өлтіретіндей қаныпезер емес. Соны бекер-ақ әурелейсіз-ау, – деп қалды.

– Неге Ботабайды әурелейсіз дейсіз? Онымен әлі кездескен де, сөйлескен де жоқпын ғой. Ол емес, таба алмай әуреленуші мен емеспін бе? – деген Бұлан күлді. Фариданың үйі қаланың орталық ауданына қарайлас екен. Тез жетті. Аулада жолыққан жігіт ағасы Ақылбекпен амандасып, оның жанындағы бейтаныс адамға сұраулы жүзбен қарағанда, Бұлан амандасуға қолын созған. Сөйткенше Ақылбек Фариданың әкесі Түгелбайдың қаладағы абыройлы азамат екенін таныстырып та, қонақ жігіттің Фариданы іздеп жүргенін айтып та үлгерді.

– Дәлірегі – маған сіздің қызыңыздан бұрын оның жұбайы Ботабай керек еді. Соның дерегін білетін шығар деген оймен есік қақтық, ағасы.

Жауаптасуға асықпаған ол кісі екеуін соңынан ерте табалдырықтан аттай:

– Байбіше, дастарқан жай, шай-пайынды әкел. Фарида қайда? – деп кіреберістегі асханаға қарата дауыстады. Өзі қонақ бөлмеге өткен соң Бұланға:

– Фариданы қазір осында шақыр-тамын. Ақыл екеуіміз сендер сөздеріңді бітіргенше бәйбішінің үстеліне бара тұрайық, – деп есіктен көрінген қызына:

– Сенімен Ботабай туралы сөйлеспекші, – деді де Ақылбекті ілестіре келесі бөлменің есігін ашты.

– Арада он жеті жыл өтсе де, анасы баласын жоқтауын да, өлтірушіні іздеуін де тоқтатпаған екен. Қалалық полицияға оқиға болған күні биге қатысқандардың бәрі дерлік жауабын жазып тапсырыпты. Суретке ілінгендер арасынан біраз қыз-жігіттің түсінігі алынбағанын аңғарған соң, соларды іздеп тауып қағаз жинауда-мын. Сіздің де, жігітіңіздің де жауабыңыз жоқ. Қаратасқа келу себебім осы. Екеуіңіздің ажырасқандарыңызды әлгінде Ақылбектен естідім. Ботабай мұнда емес, Әулиеатада сияқты болжамдауымын. Оның дәліме мекенін білетін шығарсыз? Одан бұрын Иордан құлаған сәтте екеуіңіз қайда, қандай жағдайда едіңіздер? Есіңізге түсіріп, қағазға жазып бересіз бе әлде сұрайын ба?

– Жазу мен үшін қиындау. Одан да сұраңыз. Мүмкін сіздің сұрақтарыңыздан ұмытылған жағдайлар ойыма оралар.

**Бағдат ҚАЛАУБАЙ,**  
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ  
(Жалғасы бар)

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

**Астана** Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.  
**Алматы облысы** Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе облысы** Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.  
**Атырау облысы** Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.  
**Маңғыстау облысы** Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.  
**Қызылорда облысы** Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.  
**Түркістан облысы** Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.  
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665  
**Батыс Қазақстан облысы** Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz  
**E-mail: zanreklama@zangazet.kz**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 5719 дана**  
**Апталық таралым 11438 дана**

Тапсырыс №103 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727)51-78-31